

№31 5000



ЖҮСІТБЕК

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІ

АЙМАУЫТОВ

Мен қалай  
үйлендім?

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

*Мен қалай  
үйлендім?*

*әңгімелер*

*күрастырғандар  
Д. Әшімханұлы мен  
Н. Қуантайұлы*

У

-36373(2)

Астана  
"Таным" баспасы  
2003

**ББК 84Қаз7-44**  
**А 31**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

**Аймауытов Ж.**

**А 31 Мен қалай үйлендім? –Астана: “Таным”, 2003.–80 бет.**

**ISBN 9965-640-27-0**

Қазақ көркем сөзінің хас шебері Жүсіпбек Аймауытовтың бұл жинағына соңғы жылдары жарық көрген “Шығармаларының” ешбіріне кірмеген, тек өткен ғасырдың 20-жылдары әртүрлі баспасөздер мен кейбір кітаптарда ғана жарияланған бірқатар әңгімесі топтастырылды. Оларды архив қорларынан тауып, әр шығармасына түсініктеме жазып, құрастырушыға табыс еткен – филология ғылымының кандидаты, жазушы Нұржан Қуантайұлы.

**А 4702250201**  
**00(05)-03**

**ББК 84Қаз7-44**

**ISBN 9965-640-27-0**

**“Таным”, 2003**

## ҚҰСБЕГІ

– Тоғай бойынан құсбегі шықпайды, құс салута қолы тимейді деп кешегі бір қырдың нас басқаны өлгенше мақтанады. Мен саған үш қарға, екі сауысқанды баулып, сұқсыр алдырған құсбегіні тауып берсем, жүзің қап-қара болмай ма?

– Япырай! Мынауың бір тамаша екен! Қарға мен сауысқанға құс алдырған бұ бір қу ғой.

– Ол, шырағым, біздің тоғайдан шығады, сенің қырынның түсіне де кірмес, биыл жаз тоғайда індет қабағат болды. Қарға мен сауысқанның жемтікке қаптап кетті. Сонда біздің бір мырзамыз үш қарға, екі сауысқанды тал дүзақпен ұстап алып, жаратқаны бар ғой! Шырағым, шырғасы келіссе, жапалағың қаз алатын көрінеді...

– Ой, антүрған! Қаранғыда кебектескен ит-ай! Білдім, білдім! Айтпай-ақ қой.

– Нені білдің? Білсең, айтшы?

– Жаздыгүні партия дауының болысы Арапбайдың қара шұнақ қызын үйіне тығып қойып, етке тойып, есі шыққан 5 жігітке шырға тартып, бір ауылнайдың іс-хатын алып кетті деп еді, со ғой.

– А, солай ма? Білерсің. Ретін тапса, қарғаға қаз ілдіреді деген осы болатын.

## ШАЖАМАЙ

Бір кісі қоянға құрық салып, айырылып қалыпты. Жанындағы жолдастары: “Қоянға құрық жіберер ме кісі, соған шамаң келмеді ме?” — дегенде, ана кісі тұрып: “Сатуын салсамдағы келбісімнің шажамайынан қорықтым”, — депті.

## КЕНЖЕМ АТТЫ

Бір келіншектің қайнысының аты Рахметолла екен. Сондықтан келіншек намаз оқығанда: “Ассалаумалейкум, кенжем атты, ассалаумалейкум, кенжем атты!” — деп сәлем береді дейді. Тегінде, не біздің тыңшымыз саққулақ та, не ана келіншек қаттырақ айтып жіберген ғой, болмаса бүйтіл жайылмаса керек еді.

## БЕТИМ-АУ, ҚҰДАҒИ ҒОЙ!

Күздігүні. Ел соғымын сайлаған уақ. Кемелбай — жәрмеңкеде Дөметкенді қатыны өлген Жұман айттырып, жөнді мал бере алмай жүретін Кемелбай — қыңыр адам: мал бермесе, қызымды бермеймін деп жүретін; және қызғаншақ кісі: бір-екі қабат Жұманды жолатпай да жіберген. Үйткенмен бермей кете алмайтынына көзі жетеді, қалпынан алған көк ат пен тарғыл ту сиырын сатып, қызға керек-жарақ алуға жәрмеңкеге кеткен.

Сол елде Қоңқаш деген бір қуаяқ жігіт болатын. Қоңқаш Кемелбайға бөле ме, құдай-ау,

бөленің қайын сіңілісінен туган ба – әйтеуір Кемелбайдың шешесін “нағашы апалап”, өткен-кеткенде Кемекен үйіне бір түспей кетпейтін.

Қоңқаш Кемекен үйіне қонып отыр. Есті жыйп болған. Қоңқаш қолында домбыра. Бір келіншек, бір қыз екі жақтан:

– Қоңқаш, болшы енді.

– Айтатын болсаң, айтшы енді, – деп төніп отыр.

Қоңқаш өп-өтірік қысылғансып, білмегенсіп, орамалмен маңдайын сүрткен болып:

– Ей! Құдайға жазған басым, мен қашан ақын жігіт едім?

Келіншек:

– Қой енді! Біздік бірдене білетін шығарсың... бол, айтып жібер, бағанадан әдейі домбыра алдырып, тосып отырмыз.

– Тіпті былай, білмеймін деу де ұят. Тосып отырғаның да рас: менде қауқар болса, қимылдататын рет келіп-ақ отыр. Шіркін, неғып аузыма түспей кетті? Бірдеме ойлап қарайыншы, – деп жоғары қарап, домбыраның құлағын бұрай түсіп, әр жеріне түкіріп, бунағын жылжыта береді.

Келіншек:

– Байғұс, қауқарың болмай әлден, неден құдай атты?

– Айтпайын десе, болмадың, сені көрген соң тура есім шығып отыр.

– Қой енді, тіл мен жағына сүйенбей! – Дәметкен теріс қарап жымияды. Ауыз үйде қазан жақта жүріп, Үрсия айғайлайды:

– Қоңқаш!

– А-ау!

– Қарабасқыр, жағың карысып отыр ма? Бұрандамай-ақ, айтсаңшы!

– Е, немене, етке сірестірген кісіше?

– Сол екен ғой айтпай отырғанын. Барды жедің... Тоймасаң, өрем қап! Бір тоқтыңды сойып-ақ тастайтын едік, сойғызбаған өзің емес пе?

– Ойбай, ойнап айтам. (Қасындағыларға): Бәлеге қалдым ғой, жазған.

Келіншек пен қыз:

– Бол, енді, қайтамыз.

– Бол, енді.

– Япырай! Кішкене кеткенше сабыр етсеңші!

– Жаратқан, сенің сабыр етің таусылмады ғой. Ал, ендеше мен қайтам, айтпасаң, езіп іш, – деп келіншек түрегелші.

– Міне, ал жіберейін..

Қонқаш былғандатып бір-екі ауыз күлдіргілеу өлең айтады. Екеуі күлісіп қалады.

– Ал айт десендер, мен тағы айта берем, сонсоң бұл өлеңнің аяғы таң атқанша созылады. Үйіңе қайтпайсың.

– Сондағы айтатының өлгіндей ме?

– Жок, әр түрлі...

– Әлгіндей болса, керегі жок, тәуірінді айт.

– Мен ауыма түскенін айтам. Қызған кезде кісі тәуір, жаманғына қарай ма?

– Айта бер, айта бер!

– Ал, ендеше Акан серіні айтамын:

Алыстан ақ кагаз деп естуші едім,  
Кагазың шимайлаған күйе болса.

Жез бұйдалы тайлақ деуші ем,  
Тайлағың қойшы мінген түйе болса.

Келіншек: (жымиып) А, мынауың жарайды!  
(қызға қарап) Көзжақсым, жарамай ма?

Қыз: (жымиып) Неге жарамасын, жарайды.

Әйнектен біреу айғай салады:

— Ау, Үрсия!

— Немене?

— Жатайық деп жатырмыз, жүр үйге!

— Қой, ойбай, қайтпасаң, кемпір бақыра берер,  
(түрекеліп) Көзжақсым, есігіңді жауып ал!

Үрсия: “Жүр, мен шығарып жіберейін”.

Қоңқаш: (Дәметкенге қарап) Қарағым, айта берейін ба?

— Өзің біл!

— Қарындасым, тіпті өзін білші!

— Маған салсаң, айта бер!

— Таң атқанша ма?

— Мейлін.

— Қалқам-ау! Нем шақ келеді?

Дәметкен: (түрекеліп, теріс қарап келіп)

— Айтпасаң, қойшы енді. Төсек саламыз.

Үрсия: (даладан келіп) “Қане, маған айтшы оленінді!” деп біраз қалжындасып отырады. Әр-бірден соң есік тарсылдайды.

Қоңқаш:

— Тр-р!.. Есік тарсылдайды!

Дәметкен:

— Ала, бекітіп пе ең?

— Бекіткем.

— Аш, есікті! — деп әйнекті келіп тарсылда-тады.



Үрсия:

– Ойбай-ау! Айым гой!..

Дәметкен:

– Ала-ай! Бір сұмдық болмасын?!

Кемпір: – (бұрышта отырып) Бұл келген дәу де болса, Жұман. Дәметкенді тартып аламыз деген сөзі бар деген.

Қоңқаш: – А, қойшы?!

Әйнек, есікті тарсылдатқан кісінің дауысы, тықыры көп екені білінеді. Үрсия саскалақтап:

– Ойбай, енді қайттік?

Дәметкен: (жыламсырап)

– Ала-ай! Мен қайтем?

Қоңқаш: – Саспандар, тоқта! Мен есебін таптым!

Дәметкен, Үрсия: – Немене, ал!

Қоңқаш: – Бер кел, Үрсия! Бер кел, Дәметкен! – деп бұрыш жаққа апарып, күбірлесіп, сөйлесіп, абыр-сабыр болады. Анда-санда саскалақтап: “әже... кемпір, бол, жылдам” деген дауыстары шығады.

Қоңқаш:

– Үрсия, сен безектей бер! Кемпір, етпеңнен түсіп жылай бер! Мен барып есік ашайын, – деп жөнеледі.

4-5 жігіт сау етіп кіріп келеді.

1-нші жігіт: Қыз қайда?

2-нші жігіт: Міне, жатыр.

3-нші жігіт: Айда, көтер!

Үрсия: Ойбай-ай! Бұл не қылғандарың, қолымыздан бермейтін бе едік?!

4-нші жігіт: Жұмыс бітті. Сөзді қой! Байла!

Жұман: (кіріп келіп, алақтап) Қыз қайда? Қыз қайда?

2-нші жігіт: Есі шыққан, құдай атқан, өні! Ұмтыл, құшақтап жат, өлсең де!

Жігіттер: “Байла, тарт, сүйре! Сыпыр!” деп үйдің ішіндегі нәрселерді алып, кемпірді домалатып, абдырамен бастырып, Қоңқашты байлап тастап, жөнеледі. Бір жігіт шыға беріп (Қоңқашқа): “Жат, бәлем ауызың аппақ болып!”

Қоңқаш: Сендердің өздерің де жетісер... жер соқтырдым ба, иттерді?

Үрсия: Үндеме, ойбай, ұзасын!

## II

Жұмандікі әбігер. Ақ шымылдық оң жақта құрылған. Жүмекең тымақты алшысынан салып, қасқиып, келген кісілерге:

“Жоғары шығыңыз! Былай! Ала, кісіге жол бер”, – деп қоразданып отыр. Ол адамдары келіп, қуанышты құттықтасып:

“Әзи. жолың құтты болсын, шырағым! Қаламың қайырлы болсын!” деп келінге батасын берісіп жатыр.

Жұман өткен-кеткенге: “Әй, шайларың болды ма? Негып түрсың? Шайынды болдыр!” деп қояды.

Шымылдықтың ішіне бала-шаға жапырлап кірісіп жатыр.

Бір уақытта қолдарында аяғы бар үш-төрт кексе қатын кіріп келді.

– Ал басыңды тоса бер! – Не де болса, “қайырлы болсын, құтты болсыңды” қағып, Жұманды күртпен жаудырып жатыр. “Әумин! Айтқандарың келсін. Былай шығыңыз!” деп қолына түскен бауырсақ, күртты шайнап отыр.

Еркектер гүлдесіп:

– Е, бәсе! Осылай болса керек еді!

– Малды көп сұрайтын неме ғой.

– Оған аз, менсінбегенсіп қандай болды?

– Не де болса, барған соң алып келгендері абұйыр болды!

– Ә дей барып, алмай қайтады дедіңдер ме!

– Алдымызда жау тұрса, тайынатын емеспіз!

“Енді мықты жігіт болып отырғанын, айт дегенде тұра қашатын сен емес пе едің?” дескен сияқты бос әңгімені бөсіп отыр. Жұманның шешесін қатындар ортаға алысып, шуылдасып жатыр:

– Ие, шеше! Келінің қайырлы болсын!

– Келінім-келінім дей беруші едің! Көңілің дауалады ма?

– Шешем қайта қуанбайды екен.

– Шашуымызды әкел... жыртқысымызды көп қып бересің...

– 20 тиыннан кем берсең, алмаймыз күмісінді!

– Ойбай, қарақтарым-ай! Дәметкеннен аяқтың нем бар?.. Өздерің келіндерінді көрдіңдер ме?

– Көреміз... алдымен айтайын, беташар өзіміздікі, шеше...

– Тәйт ары, сен-ақ сүйрендеп, өзіннен артылмайды-ақ,

– Артылмаса, қайт дейсің? Өз қуанышым! Өз қызығым!

– Жетесіз, шіркін-ай! Өзіндікін өзіңе алайын деп пе едің? Жол менікі!

– Соған несіне таласасыңдар?

– Ие, таласпай, Егезек жақыны міндейтін шығар; Әйтпесе беташардың жөні менікі емес пе?

— Сендердің дәйім озбырлықтарың қалмайды-ау!

— Әлгі кенжетайдың қолұстарын да сен алғансың, бәрін бірдей бауырына...

— Ие, “төссексаларын” сенің абысының алған.

— Ендеше “қойыңға жатарын” андағы Жәмилә алған.

— Астапыралла! Қашан қойыңға жатар еді, “шымылдық жаяр” еді, бір шаршы қытай-кезін айтып отырсың ба?

— Бәріміздің де алғанымыз — бір-бір суыртпақ... кім алып қарық болушы еді. Әшейін абысын-ажынның сыйы-дағы.

Бір жуан сары қатын айғайлап:

“Тоқта, түге, шулама!” дегенде, бәрі тоқтай қалды.

— Қалампыр, сенің де жолың біткен! Жәмилә, сенің де жолың біткен; Егезек, сенікінің де, Ұрқия, сенікінің де жоні жоқ. Сиырдың бүйрегіндей жыылған шіркіндер, шулап кеттің гой түге, бәйбіше беташарды кімге берсе де, өзі-ақ айтсын!

Сары қатын бәйбішеге:

— Ал, бәйбіше! Беташарды жасы үлкенге берсең де, кімге берсең де, өзің біл!

Бәйбіше:

— Ендеше, өзген өкпелеме! Жолдарың табыла берер... Әзимә тәуір еді, жолы да үлкен еді: беташарды Ажар алсын.

(Ажар — әлгі сары қатын)

Сары қатын:

— Е. дұрыс!

— Түйенің танығаны — жапырақ дегендей.

— Соның-ақ мүйізі шықсын, — деп күңкілдескендері де болды. Сары қатын:

- Ал, жүріңдер! Келінді көрейік!  
 – Жүріңдер!  
 – Япырай, қатындардың лауы бітпейді-ау.  
 – Ие, шіркіндерде береке бар ма?  
 – Олар да қайтсін: “Өз қызығың – өз ісін”, –  
 десіп еркектер отыр.

Жас жігіттер шымылдыктан сығалап: “Жен-  
 гемізді енді анықтап көрейікші!”

Қатындар: “Көрсетпейміз, көрімдігімізді бер!  
 Кемелбайдың үйінде көрмеп пе едің?”

Жігіттер: “Қой, былай тарт қолыңды!

Сары қатын:

– Шырағым! Ата-ененің жоралғысы: келіннің  
 бетін кім ашса, сол ыстық деп, келін қарағым!  
 Бетінді түйықтай бермей... тек кадамың қайырлы  
 болсын! Иә, бісімілда, – деп бетін ашып қалды.

– Масқара!

– О не, о не?

– Бетім-ау! Құдағи гой!

Қатындар: “Көтек!”

– Мынауың кемпір гой!

– Қ-ап! Үрган екен гой!

## АЖДАҒА

Токан ауылы – он шақты үй; басқа ауылдан  
 окшау отыратын. Ауылдың жайлап отырған  
 жері – Ақсу деген томардың бойы. Күнбатыс  
 жағы – қырлау адыр. Қырдың етегі – уак-уак  
 томаршық сай.

Ауыл Ақсудың оңтүстік жағында.

Майдың аяқ шені. Жұрт тегісінен ораза. Ауылда Шабар дейтін құранды жаттап шыққан молда бар.

Күн батута жақындап, ұясына қонып барады. Күндізгі өткір, ыстық күннің көзі маужырап, нұры солғын тартқан. Самал жел есіп тұр.

Күндікке оразадан таңдай кеуіп, еріні кезерген жұрт күннің батқанын сабырсыздықпен күтеді.

Қыбырлаған жанның бәрі далада.

Ауылдың беткейінде өрістен келіп, жайылып жатқан қой бар. Ауылға өкелуге ерте болған соң қаптата салып, қойшы ауылға келген.

\* \* \*

Жайылып жатқан қойлар жау тигендей үркіп, астан-кестең болды. Жұрт үрпиісіп қарай қалды.

— Сұмдық!... — десті жұрт. Қойдың бөлектенген жерінде үлкен кара жыланның қойды қуып жүргені көрінді.

Жыланның үлкендігі біздің күнде коретін таныс жыланымыздай емес. Таң қалғандай зор.

— Бұл екі басты аждаһа екен, — деген дауыс естіді.

Жұртта үрей қалмады. Бала-шаға қорқып, біріне-бірі тығылысты. Молда азан айтты.

— Апырым-ай, жұтпағай еді. Арап болмаған елік, — деп молда балшырлап жүр.

Молданың "сүфқан алдалауымен" жұрттың жылау-сықтауы қосылып, жер-дүние тітіркеніп, үлкен қауіп болды. У-шу, азан-қазан...

Су ішіп, жайылымға шыққан жылқылар да тасыр-тұсыр болып үркіп кетті.

Сиырлар өкіріп койга араласты. Малдың дауысы мен ауылдың иттері де желігіп жайлауды басына көтерді.

Қой ауылға жақындай берді. Бірсыпыра адамдар ығысып, шеттенкіреп, қашуға ынғайланды.

Тым-тырақай үріккен қой ауылдың қотанына кірді. Жылан да қайқандап қойдың артынан ере келді. Қарауға жүз шыдамайды. Молда азанды күшейте түсті. Сол кезде жұрт жаннан түніліп, өлімді ғана күтті.

— Сұмдық-ай, аждаһа емес, бақан ғой! — дейді біреу.

— Баканы несі?!

— Шешіп таста баканын! Арам қатыр жұрттың зәресін алды ғой...

Күндіз лақтап, ауылда қалған ала мойын ешкінің арқанын қазықтан шешіп жіберген де, ойнап жүрген балалар баканға байлай салған ғой. Баканын сүйретіп орістен келген қойға қосылса, жүрексіз қойы түскір бір тас-талқан болып жүргені.

“Алаөкпе тигірлеп” қатындар да қарғысты боратып жатыр. Жұрт әзер есін жиып, кешкі ауызашарға отырды.

## КӨШПЕЛІ КӨЖЕБАЙ

(оқшау сөз)

### 1

Көжебай кемесериетке алқа мүшесі болып, жаңа тройке, бір шабадан, бір партпел алды.

Көйлек-дамбалы алты парға жетті. Тұсына құрып қоятын жалаңаш әйелдің сүгіреті бар кішкене кілемшені де сәнімен қолға түсіріп қалды. Ешкімнен кеммін деп жүрген жоқ. Үстелдің үсті — толған Маркс өлебиеті; мінгені — арғымақ. Омырау қалтасында кішкене айнасы да бар. Мәжіліс болса, әр мәселеден хабары бар. “Мынау каражаяу емес екен” десін деп, қарсы шығып, келсе-келмесе де, бір сөйлеп қалады. Порошок алып, күнде тісін де тазалап, жуып жүрелі. Алтыннан бір-екі тіс те саттырып алды. Газет оқиды; сиез болса, “тезис” те жазады. Көдімгі қазақ азаматтың бірі.

Сүйтіп, адам сияқты енді үйлену мәселесі көтеріліп жүргенде, неліктен екені белгісіз, бір қаулы шығып қалыпты: “Көжебай Семей губернесіне жұмысқа командрауит етіледі” деген. Совнаркомға барды, КирЦИК-ке барды, қалуга болмас па екен деп, сұранып көрді. Бармаймын деп безерлікке де салған болды, қаулы бұзылмады. Көжебай партпелін қолтығына қысып, шабаданын алып, жүруге тура келді.

## 2

Келе жатып ойлайды: әнеуі сиезде Б.-ге қарсы сөйлегенімнен болды ма? Әлде мені Ж-ларға жақын жүр деп ойлады ма? Менің жазығым жоқ сияқты еді ғой. “Шортты знайыт!” — кісі біліп болмайды. Шаруа қатарына қосылып келе жатқанда, қиын қылды. Амал жоқ. Қаулыға көнбесек, тағы болмайды.

Жолда он шақты күн жүріп, шабаданнан айырылып, Семейге келді. Әуелі губисполкомға



барады. Қағазын көрсетті. Губкомда сөйлесерміз деді. Жуырда мәжіліс бола қоймаған ба, ұмытып кеткен бе? Көпке шейін қызмет таба алмай сандалды. Ол екі арада нөмірде тұрып ақшасын бітірді.

Қайта-қайта барып, губисполкомның да мазасын кетірді. Аяғында губком шешіпті: рабкриге жіберіпті. Көжебайдың күткен орынты ондай емес еді. Ең болмаса, бір бәлімді басқарамын ғой деп ойлап еді. Сондықтан: “Какжі, табаршы! Мен онда қандай қызметке барамын?” деген.

— Бізде ондай орын таңдау болмайды. Қазаққа қызмет етемін десеңіз, партияның қосқан орынында істейсіз, барған соң көрерсіз, — деген. Айтысқанмен түк шықпады: Кіндік жіберіп отыр деп еді, бұрынғы мандаттарын көрсетіп еді, керек қылмады. Кіндік десе, ерегесіп кететін шет жерлердің жыны бар екен.

### 3

Рабкриде бір қазақ жоқ, ылғи орыс екен. Бастығы Көжебайға қуанып қалды: “Қазақтардың арызы көп, соны басқаруға кісі жоқ, біз қазақ тілін білмейміз. Сол жұмысты сіз мойыныңызға аласыз” деген. Кожебай алды.

— “Бұйражал” деген сіз боласыз ба? — деп қазақтар күнде келеді. Көжебай олардың арызын алады: бастығымен сөйлесіп, сотқа жіберетінін сотқа, өздері қарайтынын өзі алып қалады. Арыз көбейді. Көжебайдың басы қатты. Орыстарға айтса, олар елеі қоймайды. Ребизиясы, атшоты, ісметасы, баяндамасы — онысы-мұнысынан қолы босамайды.

Көжебай түк істемей отырғанына қынжылды. Өзінше әр мекемеге қағаз жазып, “тығыз шарасын” істемек болады. Бірақ тығыз істей қоятын мекеме болмайды; жағдай қала береді.

Бұл жерде отырып, қазаққа түк пайда келтіретін емеспін, мені басқа бір орынға қойсаңыз екен деп, губисполком бастығына екі-үш рет айтты. “Қарастырамызбен” жұбатып жүрді. Көжебайдың айлығы да мәз болмады. Кейде бар, кейде жоқ. Киімі де жүдеуге айналды. Күнде мәжіліспен табанынан да таусылды.

## 4

Қарқаралыда в.-ком мен в.-исполком арасынан жанжал шығып, Самодуров деген орыс орыннан атынып, Бұқтырмаға жіберілетін болыпты. Оның орынна партиядағы қазақ жолдас керек болып, Көжебайды соған сайлап қойды.

Мынаны естіген соң Көжебай қуанып кетті. Қарқаралы — қазақ ортасы. Елі бай. Ұлықты құрметтейді. Семейде көптің бірі боп жүргенше, үйездік қалада бірінші болып жүрген көп артық. Тұрмыс жағынан мұқтаждық көрмейсің. О жерде іс қылып, өзінді көрсетуге болады. Және қазақ тұрмысымен де танысасың. Бұл қызықты орын көрінді.

Бір жұмадан кейін Көжебай Қарқаралыда исполком бастығы болып, қайқайып үстел басына отырды.

Кеткен Самодуров жолдас жұмысты шатастырып кетіпті. Қазақтардың арызы қаралмайды. Өз бетімен талай заңсыз жұмыс істеген; налог ретінен ретсіз елді көп шығындатқан. Қазақтың

партиясын есепке алмай, талайларды түсірген, талайды қайта сайлаған. Оның бәрін істеткен Қарқаралының өз қаратаяқтары екен. Самодуровты айналдырып алып, параға үйреткен де солар екен. Көжебайдың таза қызмет етпек, партиягершілікті жоймақ, Қарқаралыны тыныштандырмақ ойы болды. Қонаққа да байқап барып жүрді. Қазақтардан бойын аулақ ұстап жүрді. Бірақ неше түрлі шағым, арызбен басы қатты. Оның үстіне өкімет тағы келісе алмады. “Гепеумен” тағы айқасты. Қарқаралыда екі-үш ай тұрған соң үстінен арыз жауа бастады.

## 5

Бір күні “жұмысыңызды в-ком хатшысына тапсырып, тез Семейге жетіңіз” деген тіліграм сап ете түсті.

Мұнысы қиын болды. Жұмыспен жаңа танысып, елдің жігін, елдің жайын біліп келе жатыр еді. Бірталай елдегі партияны тыйп еді. Қазақтардың орынсыз алынған малын да қайта таратып, жерінде ыңғайластырып, кәператсия ашқызып, оқу ісіне де болысып, сотты да жөнге салып, таза адамдардан қойып келе жатыр еді. Істеген ісіне жаңа көңілі дауалап, қызметтің жемісін көрем бе деп жүргенде, еткен еңбегінің бәрі далаға кеткендей көрінді. Қызметтен көңілі суыды. Мейлінше қапаланды.

Әсіресе Қарқаралыда бір қызбен танысып болып, арасында хат жүре бастап еді. Әуелде қыз разы болмаса да, артынан оқытамын деген соң тимекші де болып қойып еді.

Оңаша жерде жолығып сөйлескеніне бір-ақ жеті болып еді. Кешке таман іңір қараңғысында таута шығып, орман ішінде сөйлескені, айдың жарығында ауыздан сүйіскені, көзі жаудырап “несіне асыгасыз, қайда кетеді дейсіз...” деп назданғаны, мойынына асылғаны — бәрі-бәрі есінен кететін емес.

Келешектегі үміттің, планның бәрі адыра қалды.

## 6

Семейге келсе, тағы да сапырылыс болып қалыпты. Губисполком бастығы Оралға кетіпті. Үйездегі болыстарының бірі Ақмолага, бірі Ақтөбеге, бірі Бөкейге, бірі Адайға жіберілетін болыпты. Көжебайды Екібас жұмысшыларының ортасында қызмет істеуге қосып қойды. Жаңа келген “бастық” қатаң кісі екен: аялға қаратқан жоқ, “үш күннің ішінде жүресің” деп.

Жазған құлда шаршау бар ма? Камандырушын қағазын алып, екі-үш күннен кейін Екібасқа тартты.

Екібастағы жұмысшылардың халі жаман: ақысын ала алмайды екен. Кеңсе біткендегі — орыс, мектеп оқу жоқ екен. Қазақтың арызын орыс билеушілер керек қылмайды. Орыс мейрамы болса, орыс жолдастар каператиптен нәрсе алады. Қазақтың айтында қазаққа түк жоқ.

Осы сықылды кемшіліктерді көріп, Көжебай қырап жүре алмады: анамен де, мынамен де айтты, орысты гүбірнеге, үйезге телграм соқты, баяндама жазды. Сүйтіп жүріп, бір-екі мектеп

ашты. Көператсиеге бір-екі хат билетін казак кіргізді. Шаткомге кіргізді. Енді жұмыстың беті бйрындайланар деп жүргенде, тагы да тіліграм сап ете түсті. "Тез шык. Торгайдың в-коміне хатшы боласын" дегені. Кожебай тагы бокшасын аркалап, пойызга мініп, Торгай кетті.

Торгайга барып бір-екі ай тұрды ма, тұрмады ма, Бөкейге жіберілді. Бөкейден Ақмоланың оқу боліміне барып істеді. Онда аз күн тұрған сон Оралдың губсотына "командирауат" етілді. Онда да байыздап тұрған жоқ. Астырқандагы балықшылар арасына қызметке дайындалды.

Не себеп екені мәлімсіз, одан да алынып, Ақтөбеге айдалды.

Сүйтіп, осы күнде Көжебайдың қай жерде жүргені, қай қызметпен елге пайда келтіріп жүргені мәлім емес.

Кожебай не басына, не еңбекші елге пайда қылып жүр деуге болмайды. Өйткені — ылғи айдаудан айдау. Не үшін, кім үшін айдалып жүргенін де білмейді. Қызметтен де, өмірден де жалықты. Әуелде нағыз кедейдің баласы еді. Кеңес өкіметі келісімен партияға жазылып еді. Содан бері қызметте еді. Бұл уақыттар денсаулығын да жойды: соқырішегін кестірді. Қанын азайтты, жотелі өсті, жаны кейігенде, қызметтен де шығып, еліме барып жатсам, қайтер еді деп те ойлайды. Бірақ заман түзелер, сапырылыс тыйылар, кеңес жұртшылығы жөндеп орнап, еңбекшілдер қамын ойлайтын күн туар, шын қызметкер керек болар деген үмітпен өзіне өзі қайрат береді.

## ДЕЛЕБЕСІ ҚОЗҒАН ЖІГІТ

Даланы басқан боз шаңыт. Жер де, көк те аппақ; арасында жік жоқ. Жел безілдейді, қар борады, дала боран, ақ түтек.

Ақ түтектің арасынан жермен жексен бірдеңе карауытады. Қарауытпайды-ау, қардың астынан бірдеңе қылтиғандай болады. Сексеуіл ме, тезек пе. обашық па, әлде ауыл ма, жан иесі бар ма, жоқ па? Кім білсін?

Ақ түтекті кара түтінмен ұшықтап, желді ұйтқытып, жолды шықырлатып, ентігіп, сымпылдап пойыз сүнгіп барады. Дала боран. Ауыл боранға оранып, бұғып жатыр.

Ақ түтек соғып тұр. Пойыз алға, ауыл артқа зымырайды... Тағы дала... Боранды, мұнарлы дала дөң үстінде, жол шетінде ақ қала. Анда-санда томар-томар бір бұта. Тағы да ауыл... Тағы дала, боз дала...

Ауыл-ауылдың соқпағын кесе-кесе қар басқан, анда-санда болар-болмас сорап қана білінеді. Ауылдан шығып, сорапқа түсіп, бір арбалы, бір сатт түйелі адамдар келе жатты. Олардың беті де — пойыздың беті. Ә дегенше болмады, алыстан көрінген шоғырмақ пойыздың қасына келді. Арбада бір қатын, бір шал, басына мінген жас бала: сатт түйелі бір жігіт. Пойыз таяна бергенде, саттан жігіт түйесін борбайлап, пойызбен жарыса жөнелді.

Екі қолы ербеңдеп, екі аяғы тепендеп, етектері жалпылдап, үсті-үстіне төпелеп, тайрақтатып келеді. Тайрақтаған түйесі көбік қарды борағып, боз қырауға шомылып, ұрған сайын айбайлап, дедек қағып келеді.

Қардан төсек жамылған ауыл артында. Жүрісіне бит өнбей, қалың қарға малтығып арбалылар келеді. Оларды жігіт тастады. Жарыс деген желік қой! Думанға қырбай кім тұрған? Өлі сүйек болмаса. Делебесі қозған соң, астындағы мінтені жалпақ табан, жүріске шабан түйе екенін ұмытты; жүрген жолы кедір-бұдыр, күрттік-күрттік қар екенін ұмытты. Жүндей сабап, тепең қағып келеді.

Үнсіз, жансыз, амалсыз маужыраған ауылдың өмірінен жалығып, көңілін қапырық басты ма; Әйтпесе бойын жаза алмай, өмірден қызық көре алмай, ерігіп іші пысты ма; болмаса даланың суық аязы қол-аяғын мұздатып, өртті, отты көкірегін болат-сауыт қысты ма; әйтпесе жүйрікпен жарысып, күштіменен алысып, түйесін сынап алғандай ойына қиял түсті ме; әйтеуір жігіт желікті; карамады артына.

“Желбас”, “жынды” жігітке арттағылар қол бұлғайды. “Пойыз сенің не теңің? Неге сонша желіктің? Түйенді бекер қинамай, тоқта!” дегенге ұсайды.

Жігіт оларға қайырылмады. Жанталас жарыс. Пойыз – қүйын; қарайласа, қалғаны.

Пойыз ішіндегі ресторанда отырған әлде жебірей, әлде орыс қазаққа қарап күледі:

“Қазақты қара, қазақты! Япырмай, неткен ақымақ?! Ілесем деп ойлай ма?!”

Ауыл қалды далада. Арбалылар көрінбейді. Жігіті кетті қара үзіп.

Түйесін әбден болдыртып, қарқыны басылған соң, ілесе алмасын білген соң, түйенің басын тежеді. Пойыз кетті қара үзіп.

Жігіт арттағылардың келгенін күтер ме екен? Арбалылардың алдынан өзі барар ма екен? Әйтпесе, арбалыларға карамай, сол кеткеннен кете берер ме екен? Ол арасың білмейміз.

## ЕЛЕУСІЗ ЕРЛЕР

Мектеп үйінің алдында жиналған қалың топқа екі зиялы көп сөйледі. Қазақтың тарихынан қорғай, қауып-қатерді үйіп-төгіп, аласапыран, жауынгершілік заманда ел қорғайтын азамат болмаса, жоғалып, құрып кетесіндер деп елдің қамын жеп сөйледі. Жиылған қауым тырс етіп жауап қайырмады. Тамағын кенеп, жөтеліп, тымағын көзіне түсіріп, жер шұқып отыра берді. Жұрт өрт қамаған қойша ұйлығып, шығуга жол таба алмай, нығы түсіп кетті; белсеніп шығып, қасып жауап берерлік жан табылмады. Әншейінде елге басалқа айтатын ақсақалдар таба алмай сандалды, аузына күм құйылды. Үйткені, мәселе тосын еді, шешуі қиын еді.

Топтың кеуде кезінде отырған көнетоз қоныр пенжакты, кепе қалпақты, кертімтеш мұрын, секпіл қара жігіт мойының созып, төнірекке қарай берді. Көзінен найзағайдың отындай жылт-жылт етіп ұшқын шашқан тәрізді болды. Осынша жұрттың қамалып, жауап бере алмай дағдарып отырғанына күйіп-пісіп кеткендей, әлдебір аяулы нәрсесін жоғалтып күйінгендей, әлде кек алатын кезек келіп, қолына түкіріп кіжінгендей пішіні бар еді.



Ол мынадай ойда отыр еді:

“Жалғыз атымды алып қойды. Ауылымды шапты. Өзімді өлімші қып ұрып кетті. Жеңгелерімді, қарындастарымды басты. Қайролда сықылды жан жолдасымды өлтірді... Менен күйінді, менен қорлықты көп көрген кім бар? Осыған жазылып кетсем, қайтер еді? Бірақ елдің бәрі үндемеуі қалай? Бұл ұнайтын іс болса, өзгелер неге жазылмайды? Елден алаботен жазылып, маған серік табылмаса, онда мен неге тентіре-мекшімін? Менің оным ақымақтық, үшқалақтық болмасын ба?.. Жұрт маған күледі ғой!.. Қой, олай болмас, серік табылар. Жалғыз қырғын тауып отырған біз бе? Аман отырған кісі бар ма? Топтын қамалып отырғаны бұрын мұндайды көрмегендік шығар. Менің аянатын не жаным бар? Қарап отырып өлгенше, қолыңа қару алсаң, жастығыңды ала өлсең ғой! Жазылмағанда, бір күні Қайролда сықылды жылатып, өлтіріп кетпесіне көзім жете ме?.. Не де болса, тәуекел деп жұрттың алдына бір түсейін!..” деген ойға тірелді де қолын көтеріп түрегелді. Жұрт қарай қалды.

— Мен жазыламын, ағайлар!

— Е, бәрекелді! — деп екі азамат қуанып қалды.

— Аты-жөнің кім, шырағым?

— Әбіш Қошқарбай баласы.

Әбіш жазылды да топқа қарап қолын сермеп, қайраттанып сөйледі:

— Жігіттер, мен, міне, жазылдым, жаны ардақты байлар отырсын. Кедейлер, сендер несіне аянасың? Жазылыңдар!.. Бәрібір құр қол жүріп, иттен сасық боп өлгенше тым болмаса төбелесіп олейік, несі бар дейсің? Олар да өзімдей кісі...

Әбіш соны айтып болып отырған кезде ана жақтан дембелше, тышқан көз, қара торы жігіт түрегелді де:

– Мені де жазыңыз, – деді.

– Аты-жөнің кім?

– Ораз Онбай баласы.

Жастарға жыбыр кіре бастады... “Сен жазыл, сен жазыл!” десіп біріне бірі сілтесті. Өзіне серік шыққанға Әбіш әлдеқандай мардамсып қалды.

– Кәне, тағы жазылатындар бар ма? – деп әлденеше айтылған соң кедейден 5–6 бала жазылды. Одан артық кісі шықпады. Қанша қақсаса да, қандай ұқтырса да, ел ұқтады. Қайта, жазылған жігіттерді кекетіп, сықак қыла бастады.

Екі азамат исполком бастығын шақыртып алды да:

– Мына қағазды укомге тапсырыңыз, уком мылтық, қылыш, қару береді. Бұларға ел үстінен ат әпереміз. Бұлар елді қорғайтын атрет болады, – деді.

Олар жүріп кетті. Топ тарқады.

## II

Күн еңкейген кезде мойындарында мылтығы бар сыптығыр екі жігіт алырдан түсе беріп, аттың басын жіберді. Шүү дегенде қылаң атты озып шыкса да, жарты шақырым шапқан соң, баран атты да жетті де, қамшымен жоннан бір тартып, басып озды. Екеуінің суылдаған екпінімен ши түбіндегі жапалақ қалбалақтап аспанға ұшып, азғып барып есін жинайды. Шөп арасындағы шыртылдауық шегірткелердің ішегі шығып қалып

жатыр. Көгілдір әуеде қанаты қалшылдап, ілулі тұрып, ащы әнге басқан бозторғайлар болмаса, оқ қалақтай қалықтап, тышқан сүзіп жүрген құладындар болмаса, тезек басында қоразданып отырған бөктергі, бұлтандаған саршұнақ, ссекендеген қосаяқ сықылды қорқақ жандықтар аттылардың дүбіріне шыдамай, қасқырдан үріккен қойдай жөнкіледі. Омыраудан соққан аңызак, шапқан аттың зуылдаған желі екі жігітті де же.цендірді, желіктірді; екеуі жатып аударыс салды; үзеңгі қағысып тартқанда, бірін-бірі әкете алмады. Енді артынан ағызып келіп жұлып кетуді бастады. Аударыспақты болған соң шауып келе жатып қаргып түсіп, атып мінуді істесті; жерден толырақ алысты, жыраңқайдан ат қаргысты; тұра қалып қарақұсты атысты. Көлдененнен қараған кісі бұл екеуін нағыз еріккен деп ойлар еді, бір-ақ бұлар ерігіп жүрген жоқ еді; бұлар өздерін соғысқа даярлап жүрген Әбіш пен Ораз еді.

Екі жігіт бірталай жер жүрген соң, Қарашығанақта үш күннен кейін табысуга уәде байлап, екі жаққа кетті.

Әбіш тұнқатып, ертең сәскеде Келтебұтаққа келді. Келтебұтақ – мұжық қаласы. Бер жағында Иманак ауылында Әбіштің апасы болатын. Әбіш сонда келді.

Әбіш аттан түсер-түспестен апасының көзі бажырайып:

– Қарағым-ау, тез аттан! Поселкеде банды жатыр. Жезден де кашып кетті, – деді.

– Банды көп пе екен, апа?

– Ойбай, адам айтқысыз дейді.

Әбіш апасымен сөйлесті де, атын қараңғы қораға, мылтығын шөптің астына тығып, үстіне жаман киім киіп, бір тайға жайдақ мінді. Қолына бір қалты алды. Сүйтті де, поселкеге кетті. Апасы "барма!" деп байбалам салса да, тындаған жоқ.

Қолау тайды салақтаған аяғымен өкпеге тепкілеп, жолмен солталаңдатып алып келеді. Маңайла тірі тышқан көрінбейді. Поселкенің бері жағында бір жарқабақ бар-ды. Әбіш аяндап жардың басына шықты. Жарты шақырым жерде поселке тұр. Қаланың ішінде олай-былай отіп жатқан мылтықты, салтатты кісілер, көшеде жүкті арбалар, анда-санда жерде қызылды-жасылды киген әйелдер көрінеді. Оң жақтағы бір талдың ішінен қарулы үш атты кісі шыға келді. Үш атты Әбішті қорды де, тұра ұмтылды. Кейбіреуі мойнындағы мылтығын суырып қолына алды.

Әбіш "қашса атады, тұрса тағы да атады, не де болса, қарсы жүрейін" деп тайын бұлтандатып томен қарай түсті. Ойға түсер-түспесте-ақ ежіреңдеген үш солдат мылтығын кезеніп, "стой" деп жетіп келді. Әбішті қамай тұра қалды. Орысшалап "қайда барасың" деп сұрады. Әбіш "білмеймін" деп басын шайқалды. Ішінде бір татар бар екен, соны тілмаш қып Әбішті тергеді. Әбіш түк білмейтін бір аңқау қазақ болды; поселкеге астық ақта келе жатқан бір сорлы. Ауылын, болысын, аты-жонын әбден тексеріп болып, "қызылдардан бітесің бе?" деп сұрады. "Білмеймін, біздің ауылдың бір кісісі 8-інші ауылға барып келген екен, қаттытып келді. Осылай қарай қызылдардың көп біреті келе жатыр дейді. Бүгін осы жерге келіп қатар ма екен, қайтер екен?" деді. Мына сөзді

естіген соң, солдаттар Әбішті алдына салып, айдап поселкеге апарды. Поселкеге әкеліп, бір қораға тайымен кіргізді де, бір мұжыққа “кетіп қалмасын, андып тұр!” деп тапсырды.

Әбіш тайын байлап қойып, мұжықпен әңгімеге кірісті. Ақтар қайдан келеді? Қашан келген? Көп кісі ме? Бұлар соғысқа пәле дейді ғой? Мылтық, сайманы да көп шығар? деген сықылды өзіне керекті хабарларды жансыздап сұрап отыр. Анда-санда астық сататын кісіні де, малай жалдаушыны да сұрап қояды. Тымағы жапырайып, ауызынан сөзі түсіп отырған бір жаманды кім елең қылсын? Мұжық сұраған сөздеріне жауап беріп отыр.

Аздан кейін поселкенің көшесі шабуылдаған кісі, жаңғырыққан дауысқа айналды. Әбіш “не боп қалды?” деп мұжықтан сұрады. Мұжық: “Білмеймін” деді. Атыс болып қалып, арасында босқа кетем бе деп, қорқайын деді. Бірақ Әбіштің қаупі ұзаққа бармады; бандылар айғай-үйғай болып, арбасын дүрішдетіп, абыр-сабыр поселкелен жөнеле бастады. Он минуттың ішінде поселке бандыдан тазарып, бейбітшілік болды. Мұжық Әбішті қоя берді. Тайға мініп, азырақ астық іздеген болды да, Әбіш аласының үйіне келді. Әбіш үрсейленіп отырған апасын қуантып, бұдан кейін атына мініп, жастардың сиезін шақырмақ болып, ел аралап кете берсін. Енді он төртінші ауылға кеткен Ораздан хабар берейік.

### III

Түс кезінде Ораз бір үйде шай ішіп отыр еді. даладан:

— Мынау атты мініп келген кім? — деген дауыс шықты. Дауысты естіп Ораз тысқа шықса, атының қасында екі-үш кісі тұр. Киімі тәуір мырзасымақ, шоқша сақал кісі, амандасып болған соң: “Мынау атты саған кім берді?” деді.

— Исполком бастығы.

— Ендеше менен ұстап әкетіп еді, сен атымды беріп кет! Жалғыз атым еді, сендерге ат табылмай ма? Бір байдан мінерсің... — деп әлгі қазақ жатып атқа жабысты. Ораз бермеді. Қазақ оршеленіп қоймады. Аты кәдірлі болса керек, Ораздан жол бойынша жығылса да, атына қарайды да, қайта жабысады. Даудың аяғы жанжалға айналды. Бірі ауыл іргесін, бірі қызметін, мылтығын аркаланып, егес ұлғайды. Енді аз тұрғанда төбелес болатын елі. Бірақ кенеттен шауып келген бір адам керістің тоқтауына себеп болды.

— Негып тұрсындар! Шыңғырлауға банды келіп қалды!

— А, жақсы болды! Атты бермейтін немесін ғой! Мен сені қызылдың атреті деп дереу ұстап берейін!

Ораз сөзді доғарды. Ертоқымын алды да атын беріп қоя берді. Ауыл адамдары аттарына жүгірісіп, айғайласып, астан-кестен болды да қалды. Атын алған кісі де зытты. Ораз түскен үйінен бір байтал сұрап мінді де, мылтығын бір шұқырға тыға салып, Шыңғырлауға қарай бет алды. Сар желіп келе жатып жүрегі дүрсіл қағалды. Неге келе жатқанын, не бітеретінін өзі де білмейді, өйтеуір бір күш бандыға қарай тартқан тәрізді. Алды-артына қарамай келе жатыр.

Шыңғырлау ауылына таяна бергенде алдынан әреуілдеп бандының бір тобы шыға келді. Аттары

ауыздықпен алысып, көкке шапшиды; үсті-басы асынған көкпең-көк қару; киімдері неше түрлі сәнді. Ораздың жүрегі тұрайын деді. Үйтсе де, білдірмеді; алтынан шықты. Қазақ-орыс бастығы: “көтер қолынды!” деп ақырды. Ораз қолын көтерді. Екі солдат қойны-қоңышын тінтті. Ораздан “қайда барасың?” деп жөн сұрады.

– Сіздерге келемін.

– Неге?

– Алсандар, сіздің атретке кірейін деп едім.

– Не себепті кіргің келеді?

– Қызылдардан зорлық көрдім, жалғыз атымды алып қойды. Әкемді атып кетті.

Қазақ-орыс бастық басын шайқалды:

– Өтірік айтады, иттің баласы! – деді. Өзге екі бастық “шыны ұығар” деп сеніңкіреп қалды.

Қазақ-орыс сене қоймады.

– Шыныңды айт! Бәрібір өлесің! – деді.

Ораз қарғанды, нанбады. Нанбаған соң:

– Шынымды айтайын, ұрлық қылушы ем.

Исполкомның құдасының малын ұрлап, исполком мені ұстайды деген соң, қашып жүрмін. Сіздерге кірсем, жаным қала ма деп едім. Құдайға адалы осы, – деді Ораз жүзі жанбай. Мына сөз қазақ-орыстың миына кірейін деді. Өзгерлеріне орысшалап айтты. Олар Оразға әбден сенді. Бірақ қазақ-орыс көпке шейін басын шайқай берді. Әйтпесе, Ораздан пайдалы кісі шығады. Шолғыншы болады, қызылдардан хабар біліп береді. Қазақтың сырын біледі деген дәлелдерден аса алмады: атретке алуға о да көнді. Сол әңгімемен алдындағы жақын ауылға келіп қалды.

Ауылға таянғанда солдаттар қойға шапқан қасқырша тұра-тұра шапты. Үш бастық пен Ораз бір бозғылттым киіз үйге тоқтады.

Үйде бір кемпір қатын, 14-15 жасар бір-екі бала бар, өзге жан жоқ. Олар да үрпиіп жер үйде отыр екен, іздеп жүріп Ораз тауып алшы. Төрелер тамақтанып аттанатын болған соң Ораз жарлық бойынша он бес жасар баланы қойға шапқызды. Үйді тазалап, төсек жайып, жаңа төрелерін күтіп жүр. Самауыр қойылып жатқанда ауыл қыдырған төрт солдат та келді.

Қошқар түмсық, мұртын шығыршықтаған бір бастық:

— Қыз жоқ па екен? — деп сұрады. Солдат қазақтарды боқтай бастады:

— Неткен сбольштар! Бір жас қатын жоқ, қайда тығып жібергенін білмейсің...

Артынан бір солдат келе өзгелеріне мақтанды:

— Сендер түк таба алмайсындар. Мен табам, теректің астынан бір қатынды суырып алып, өкірттім! — деді. Екі солдат оған еріп, шауып алды да кетті.

Ораз бәрін біліп, зығыры қайнап отыр. Бірақ зілгута тіл жоқ, ішінен қиналды.

Шайдан кейін орыстар шылтым тартысып, қақты қалай қорқытқанын, атын тартып алғанын, қытышпен үш шауып, біреуінің басын зорға кескенін, бір әйелді бырс еткізіп қарынға сұғып алғанын, қалай жанталасып жүтіргенін айтысып отырғанда, үш бастығы ұйқыға кірісті. Төрт солдаты аттарын суаруға ауылдың алдындағы құрғаққа кетті.



Бастықтың екеуі ат соғып қажып жүрсе керек, қор етіп көзі ілініп кетті. Біреуі төнбекшіл үйқтай алмай жатыр. Ораз босагадан жүресінен отырып, сүйеулі тұрған мылтықтың бірін алып, тамашалап о жер, бү жерін қарады: құлагын қайырып көрді. Қазақ-орыс бастығы сыртылдағанын, шалпаның дауысын естіп, басын көтеріп алып:

— Алма мылтықты! — деп жекірді.

Ораз анкаусып:

— Алса қайтеді? — деді. Мылтықты тастаған жоқ, икемдеп ұстай бастады.

Қазақ-орыс:

— Таста, атылып кетеді! — деп орынынан тұра бергенде, Ораз атып тұрды да, басып қалды. Қазақ-орыс мойынын астына ала бүктетіле жыпылшы. Мылтықтың дауысымен шошып оянып тұра берген біреуін Ораз тағы басты. Тәлтіректеп о да өкіре барып жер күшты. Олар жанталасып, қорқырап, тулап жатқанда қалған біреуі жын соққан кісіше, үйқылы көзімен тұра беріп, қайта жығылып қалбалақтап жүр. Ораздың оғы таусылып қалды білем, басып қалып еді, от алмады. Ораз тұрып-жығылып жүрген орысқа тұра ұмтылып, мылтықтың темірімен қос қолдап тұрып, қара құстан берді. Омақаса барып құлады. Тағы бір-екі қойып жіберді де, жүтіріп барып тағы бір мылтықты алып, құлагын ашып жіберді. Оғы бар екен. Атып тысқа шықса, төрт солдат тырым-тырақай ауылға қарай ат қойып келеді екен. Ораз үйге кірді де, босагадан тұрып көздеді. Үйге жүз елу қадамдай жетпей, алдыңғы бірі шалқалай, аттан мұрттай ұшты. Аты ойнақтап шыға берді. Оған таяу келе жатқан біреуін тағы қалпақтай

түсірді. Алдыңғы екеуі жұлғылған соң, қалған екеуі жетегін тастап, жалт берді. Ораз жүгіріп шығып, ордандап жүрген аттарға үмтылды. Мылтықтың дауысынан шошынған ат жуырда ұстата қоймады. Жан-жақтағы үйлерден адам шықпалы, терезеден, есіктен басын қылтитып сығалап тұр. Ораз:

— Шығындар жылдам, атты ұстас! Қорықпа, бәрі қырылды! — деп атой беріп, аттарды қайырып жүр.

Қатын-қалаш, жаман-жұман еркектер жүгірісіп, аттарды ұстасты. Ораз бір атқа міне сала қашқан екі солдатты қуып кетті. Бірталай ұзап кеткен екен, алыстан карасы ғана көрінеді. Ат үстінен бытырлатып атып келеді. Оқ тимеді. Ораз жете алмады; оғы таусылған соң қайта қайтты. Барлық мылтықтары, бес аты олжа болды.

#### IV

Он шақты күннен кейін Електегі укомның жиытысында Қарашығанақ болысының ісполком бастығы Құрман дейтін жігіт бандыны қырганын айтып, баяндама жасады. Құрманға уком тәнір арылқасын айтып, атын қызыл тақтайға жазды. Қару-жарақ укомға тапсырылды. Киімдер ісполком мүшелерінің пайдасында қалды. Ораз қызметтен шығарылды. Әбіш те ісполком мүшелерімен келісе алмады. Орынборға оқуға кетті.

Көзсіз ерлердің аты шықпай, елеусіз қала берді.

Заманына қарай ерлері болмақ қой. "Өлі ұлыстаннан тірі тышқан". Заманымыздың ерлері бізге қалмаса жарар еді.

## МЫСЫҚҚА ОЙЫН, ТЫШҚАНҒА ӨЛІМ ( әңгіме өмірден алынған )

— Күн ұзын терген тезегің сол-ақ па? Бар, тағы бір барып кел, — дейді Күмісай. Ол кезде он бір — он екі жастағы Ұрындық бақайшағы майысып, аз толмас қапты котеріп, жерошақ басына таянып еді. Тезекті тастай беріп, ауызы бүртиып, жылайтын балаша кескіні бұзылып, Ұрындық сырт берді.

— Бадалгыр! Бар деген соң бар енді! Шашыңнан түк қоймай жүлармын! — деп қызыл шолак сиырды сауып жатқан Күмісай шабынып түрегелді.

Күмісай тұрғаннан соң оңбасына көзі жетті. Ұрындық бас терісі ауызына түсіп, қапты жүлқылап әкелген тезегін төге бастады. Күмісай сиырына қайта отырды. Маңайда тезектен түк жоқ, қайта-қайта жүмсайды... “Қоюжұлын қып олтіреді гой” деп Ұрындық мыңқылдап, көзін басып, қабын иығына салып жөнелді. Уақыт намаздыгердің алды еді.

Күмісайдың шаңқылдаған дауысымен үш канат кигізді лашықтың ішіндегі қаймақ үрлап жеп жатқан жалаңбұт, алты жасар Құрмаш шошығаннан селк етіп қаймақты төгіп алды. Сасқалақтап жүгірді де есікке барды. Күмісайдың сиыр сауып жатқанын көрді де, қылмыстың ізін жоғалтқалы қара аяқты түзеп қойған болды. Қаймақты екі қолымен тырнап топырағымен аралас аяққа салып жатты. Мұрыны пысылдап, есікке қарай түседі. Қаймақ жүкқан бес саусақпен мұрынның сүртемін

деп бет-ауызының бәрін қаймақ қылып алды. Қанша епті болғанмен алты жасар бала ұрлығын шығармай қоя ма, ноқталы кебеженің бұрышына тығылып отырған мезгілде тері шалбары саудырлап Күмісай үйге кірді. Құрмаштың отырысы, атақтап жалына қарағаны сезікті еді. Бет-ауызындағы алабажак қаймақты, топырағымен аралас кара аяқты көрген соң Күмісай күйіп кетті.

— Жер жастантыр, жайрап қалғыр! Жайратып отыр екенсің ғой көгала! Түйнеме келгір! Ындының құрып бара ма? Түйнеме келтірейін, — деп Құрмашты бір қолынан ұстап лақтырып жіберді. Шапалақ баска да тиді, көтке де тиді. Құрмаш есенгіреп қалды, қарғыстан ішін кептірді, таяқтан сілесін қатырды.

Ол кезде Құрмаштың інісі Нұрмаш үйдің артында бір шұбар қонызды ұстап алып, ауызға таман апаруға ыңғайлап отыр еді. Күмісайдың қатты айғайы қонызға жөйлі келді, Нұрмаш қолы дірілдеп, қонызды құтты жеріне қондыра алмай айырылып қалып еді.

Ұрындық жаны кейіп, көзінен жасы парлап, қабын толтыра алмай жүр. Құрмаш қаймақ ұрлап, сыбағасын алып, жылауға шамасы келмей, сілесі қатып ол жатыр. Қорек қылатын ала қоныздан айырылып, зәресі ұшып, көзі бадырайып Нұрмаш отыр. Бүгінгі емес, балалардың күндегі көретін күні осы. Тамаққа жарымайды, ұрлық қылады. Бар бас көтерері — он бір жасар Ұрындық тезек, сүмен көкжан болып, бейнетте өмірі өксулі. Осындай қорлықта, зорлықта жүрген үш бала кімдік деп ойлайсыздар? Кара құрсағын қақ жарып іштен шыққан баласын туған ана өстер ме еді?

Туган ана осынша мейірімсіз бола ма екен? Әлде Күмісай сонша жүрегі тастан жаралған адам деп ойлайсыздар ма? Олай емес, ол балалар әкешесі жоқ — тірі жетім. Күмісай олардың нағашы апасы. Әке-шешесі жоқ болған соң, бір кезде тұқым еді деп екі сиырымен қолына алып еді. Күмісайдың өзінде бала жоқ. Бұрын бес-алты бала туып, оның бәрі о дүниелік болған. Жасы қырықтың жуан ішіне кірді, байы алпысқа таянып қалды. Өзінде екі сиыр, жетімдердің екі сиыры — төрт сиыр сауып отыр. Енді балалардың қалайша бұл күйге ұшыраған мәнісін айтайын.

• • •

Осы елде жеті атасынан бері бақ, дәулет арылмаған күшті атаның тұқымы Үкімбай деген жігіт бар-ды. Үкімбайдың өз әкесіне мал біткен, ағалары болыс болған. Бұл күнде дәулет қайтып, орташа ауқатқа қараса да, адамгершілік үзілген жоқ. Біреудің ақысын бұлар жемесе, кісіге ақысын жегізетін бұл тұқым емес.

Үкімбай жасынан дәулетке мас бай баласы болды. Тұқымның дәулетін, адамгершілігін арқаланып, бетіне келер жан болмай, шалдуар, сотқар, қияпас жігіт болып өсті. Аталы ауылдан қыз алды, атадан топтап енші алды. Алғашқы келіншегі өткен соң, орташа жерден тағы алды. Оның үстіне көңілі қосылған бір әйелді және алды. Өз алдына бір бай, жас отау болып дәурен сүрді.

“Ат мінсе, ауынан” дейтін бір мәтел бар. Кей жігітке қатын тұрмайды, кейбіреуге бала тұрмайды, тағдырдың жазуы ғой — Үкімбайдың

соңғы қатындары да бірінен соң бірі дүние салшы, алғашқы қатындардан үйелмелі-сүйелмелі төрт бала қалды.

Қатыны қайтыс болғалы он бес күн болып еді. Үкімбай үйде отырса да, атқа мінсе де, шаруа қараса да, елдің сөзіне, дауына, барымтасына қатынасса да, жатса да, тұрса да, бір қатын алу ойынан шықпайды. Қалай болады? Жас болса, қырыққа келіп қалды, мал болса, шағын, елу шақты қараның жарымын бермей қыз келмейді, әлде ыңғайлы қыз да жоқ. Сырын білмеген нөктаның жуан тұғырын мал шығарып алғанмен, ол әлдеқандай болып шығады. Шаруа ұстай ала ма? Өзі шаруақор, өзі арзан әйел қайдан табылар екен? Міне, Үкімбайдың басын қатырып жүрген осындай ой еді.

Үкімбай шай ішіп отыр еді. Тыста ит үрді, түйеге арба салған екі-үш қатын түсіп жатыр деп ер бала айтып келді. Кешікпей қатындар үйге кірді. Бата қылуға келген көрші ауылдың қатындары екен. Тұрғамбайдың шешесі, Ұлтарактың қатыны, Бәйміштің Рақиласы. Ішіндегі іліп алары — Рақида. Өзгесі кемпір-семпір. Рақидаға көзі түскен жерде-ақ, япырмай, Рақида қалай жұғымды, жасы отыздан асса да, әлі жап-жас, өңі тайған жоқ. Аққұба, маңдайы да жарық, әнтек мұрыны шошағырақ болмаса, өзі де биязы, киімі құбатөбел болса да, кірі жоқ, таза, бойына қонымды, не керек. қазақша биялайға лайық бір әйел.

Оның үстіне Рақиланы Үкімбай баяғыдан біледі. Бұшпағы қанамағанмен бит терісін биялай қылатын, аса берекелі, дәмді, үйінің іші тап-тұйнақтай болатын. Рақиланың кескініне қарағанда

шаруаға күнкақты екені де Үкімбайдың көзіне елестеді. Бәйміштің үйін үй қылып тұрған – Рақила. Үкімбай бозбалалықты көп істеген. Ол кезде Бәйміш бұған қонсы еді. Үкімбай Рақиламен ойнап-күлген болатын. Сондағы Рақиламен аңыз арасында жүргенде жолығатын тәтті шақтары да есіне түсті. Сонда Рақила сүйкімді еді, денесі де жұғымды.

Рақилалар шай ішіп, аз отырып қайтты. Бірақ Рақиланың сүгіреті Үкімбайдың көңілінен шықпады. Рақиланы алсам қайтер еді деген ойды олай қорытты, бұлай қорытты. Ол көңіліндегі әйелі, арман қылған әйеліне дәл келді. Әрі шаруаға, әрі балаларға жақсы, әрі алуға онай, арзан, әрі еркекке сүйкімді, қыбын табады, әрі... қай жағынан болса да Рақиладан онды қатын жоқ. Жалғыз-ақ айнытатын: Бәйміштің көрші ақысы, кірмелігі, баласының жоқтығы – оғаш зорлық болады. Әйтсе де, Рақиланы алуға дәлел көп, бала таппайтын қатын Бәймішке не керек? Мүмкін тағы бір қатын алса, бала көрер. Қайта менің алғаным да пайда деп өзін ақтады. Ағайын, туысқан мұнымды жақтыра ма? Көршімнің қатынын тартып алғаным оларға теріс көрінбесе, деген сұрауға, теріс болсам, мен боламын, олар маған жақсы қатынды қайдан тауып береді. Мен үшін кім мал шығарады? Шығаратын мал бар ма? – деп жауап берді. Сонымен, ұзатпай Рақиламен сөйлесуге, жолығуға, көнсе, тез альп қашуға бел байлады. Үкімбай түзу, қисық болса да, ойынан ісі бөлек кете қоймайтын, бір беттесе, әкесі тіріліп келіп айтса да, көне қоймайтын мінезі бар-ды. Сол мінезге салды. Рақиланың ауылына барып, Бәйкендікінде отырып Рақиланы

шақыртып алады. Үкімбайдың тілін Бәйкен екі қыла алмайды: кешегі пәленшекеннің баласы, әлі де шауып аламын, жоқ қыламын десе, қолынан кетеді.

Алғашқыда Рақила танданса да, қорықса да, он бес жыл бірге өмір сүрген байын аяса да, Үкімбайдың басына, жастығына, дәулетіне, адамшылығына қызықтай тұра алмады, жүрегі қобалжыды, ойланып жауап бермек болды. Оған Үкімбай шыдаса да, қатыны өліп, көзі қарауытып жүрген кісі баяғыны бастауды тілек қылды. Соңғы тілегін алып, Үкімбай көңілін дауалап үйіне қайтты. Ойланайын дегені жәй сөз, көнуі шексіз екенін сезіп кетті, үйткені Рақила бауырына қысып, “жаным!” деп тамағынан қатты сүйіп еді.

Екі-үш жолыққаннан кейін Үкімбай Рақиланы алып қашты, Бәйміш жазған ол күні кісіден аласы тайыншасына кетіп еді. Қатыны кеткенін ауылы айтты. Азаланды, күйінді, қорлыққа шыдай алмай өлмек те, өлтірмек те болды, өліп кетпек те болды. Ел адамдарына барды, жылады, сықтады. Олар Үкімбайды теріс қылды, қатынын қайтарып береміз деп сөйлесті. Тартып әпереміз деп айттысты. Ол хабарды естіп, Үкімбай қатынды сотқа әкетті. Сотқа ел адамдары да кісі жіберді. Соттың ағайындарын араға жүргізіп, Үкімбай қатынға бостандық қағаз алып қайта келді.

Бәйміш дамыл көрмеді. Сотқа барды. Сот жайластыр деп елге сенімді кісі жіберді. Ол кісі ел адамдарымен сөйлесіп Үкімбайдан Бәймішке төрт кара әперілісін деп бітім айтты. Оған Бәйміш разы болмаған. Сонымен, қатынды алып Үкімбай жатты. Арада бірталай күндер өтті. Үкімбай соттың



жіберген кісісін разы қылды. Кесілген малды да төлемеді.

\* \* \*

“Уақыт солай болды, бір сайтан азғырды, қайтейін, құдайға тапсырдым”. Малсыз, катынсыз, корлыққа көніп, үйі несіз қалған Бәйміштің айтар сөзі осы-ақ. Бүйтіп отыруға болмайды, тірі кісі тіршілігін қыту керек, құдайдың салғанына кім көнбеген. Бәймішке катын алу керек. Байы өлген, байын менсінбеген, қайтып келген катын бар ма? — деп откен-кеткеннен Бәйміш сұраулас болды. Ыңғайлы, дұрыс адам табыла қоймады.

Ендігі Бәйміштің мақсаты: қартайғанда перзент көретін әйел алу еді. Көптен құлағында барды, қасындағы ауылда Серікбайдың қатыны бұзылып жүр деген сөз. Серікбай — екі сиырдан басқа малы жоқ бір кедей. Былтыр пайда табам деп тоғайға кеткен. Содан бері хабар-ошар жоқ. Қатыны — отызға келмеген жас адам. Үш баласы бар. Асырап сақтайтын бай жоқ, сүйенер кісін жоқ, бұл жерде отырып күн көре алмайсың ғой деп төркіні катынды азғырып жүретін. Төркіні қызын екі-үш қараға сатып аужал қылмақ болатын.

Бәйміштің катын іздеп жүрген хабары естілді. Серікбайдікіне қатынның төркіні келіп сөйлеседі. Қатын үш баласын тастап, кетуге көнеді. Оны бітіріп алып, төркін Бәймішке келеді. Сен катын алмақ ойың болса, біздің баламыз кеткелі отыр. Сен де бөтен кісі емес едің, бізге баламыз жыламайтын орын керек. Сен жолықсын деген сөз сөйлесе кетейінші деп келіп едім. Бір малтапқыш кү сөйлеселі.

Бәйміштің бұл қатынды ойласа да, көңілі тұрақтамай жүруші еді. Үйткені Серікбай – жалғыз жігіт, жалғыздық өз басында да бар. Оның үстіне қатынның үш бірдей баласы шулап жетім қалады, олардың көз жасы, обалы кімге? – Бәймішке. Қызыл қарын жас балаларды шулатып тастағанда не барқадар табамын? Үкімбаи маған зорлық қылды деп, менің Серікбайға зорлық қылуым қудайға мақұл ма? Ит жеңгенін талайды деп, әлім-жеттік қылған болармын. Серікбай – ағайынды кісі, өштесіп кете ме деп ойлаушы еді. Бұл жолы осыны көп ойлады. Бұл ойын келушіге де айтты.

Ол қарсы дәлелдер келтірді. Сен алсаң, алмасан да, Серікбайға ол қатын тұрмайды. Бізге бәрі-бір, біреу табылар, байсыз тұра ала ма? Өзін білесің. – деп жүріп кетті. Бәйміш сөз байлай алмай қала берді.

Бір жұма өткен соң Бәйміш мынадай хабар естіді. Серікбайдың қатыны төркініне барыпты, сотқа барып бостандық қағаз алыпты, балаларын Серікбайдың нағашы ағасының қолына кіргізіп беріпті. Серікбайдың ағайындары барып, екі тайынша алып, бітіп келіпті.

Бұл хабарды естіген соң Бәйміш қайта ойланды. Ол бала туып отырған қатын. Мен алмағанмен, бірсу алады екен. Бұдан арзын қатын табылмас, обалына мен қалмайын, төркіні қалап отыр. Қой, осы қатынды алып қалайын деп ойлады. Осы ойға бекіп, ертеңінде атқа мініп, қатынның ауылына барды. Қатынның туыскандарымен сойлесіп, үш қараға келісіп, алып қайтты. Төркінінің мақсаты да екі-үш қараға Бәймішке бермек

еді. Сүйтіп, Үкімбай өзінен төмен Бәйміштің қатынын алды, Бәйміш өзінен төмен Серікбайдың қатынын алды, Серікбай қатынсыз қалды. Серікбайдың үш баласы – Ұрындық, Құрмаш, Нұрмаш тіршей шешеден айырылып жетім қалды. Серікбай есен-сау келе ме? Жоқ па? Мәлімсіз. Келген күнде де Серікбайдың қатын аларлық шамасы жоқ. Әңгіменің басындағы тезекке кеткен Ұрындық, тамаққа жарымай, ұрлық қылып таяқ жеп отырған Құрмаш, үй артындағы карны аш Нұрмаш қорлықта жас өмірі өксіп отыр. Олардың көз жасы кімге? Оқушы өзі шешсін.

## БАЛАЛАРМЕН ӘҢГІМЕ

(Күнделік дәптерден)

### Сайлау

*Сентебірдің 1-і*

Бүгінгі бір мектепте комитетші, тазалықшы, тұжырай\* сайладық. Имаш комитетші болғысы кел шошандап еді, сонда да сайламадық, үйткені балалармен жанжалдаса береді. Жай жүрмейді: кісіні келемеж қылады, кісіге жала жауып, мұғалімге жамандайды. Біз оған мінезің әбден түзелгенше сені қызметке сайламаймыз дедік. Комитетке Құрманды, тазалықшыға Дүйсенді сайладық. Комитетші, тазалықшы! Тұжырайдың жұмысын тексеріп жүріңдер! Комитетші, өз жұмысыңды

\* дежурный (ор.)

да ескер! Кетерінде ертенгі тұжырайды дайындал кет!

Сендерде комитетші бар ма?  
Жиналысы бола ма?  
Онда не сөйлейсіңдер?

### Менің міндетім

#### *Сентебірдің 5-і*

Бүгін мені комитетші қып сайлады. Мен әшейін қуанып кеттім!

Жиналыста біздің міндетімізді ұқтырды. “Міндетім қандай екен?” деп үйге барғанда ойласам, мынау екен:

- 1 – класка, ас үйге тұжырай қойып жүру;
- 2 – сабаққа келмеген, сабақтан кешіккен балаларды белгілеп отыру.
- 3 – тұжырайларға қызметін ескертіп тұру;

#### *Сентебірдің – 10-ы.*

Комитетші болу оңай ғой деп жүрсем, тіпті қыян екен. Кейде сабақта отырғанда жолдасыңмен сөйлескің келіп қалады. Сөйлесейін деп бір оқталып қаласың да, комитетші есіңе түсіп, ауызыңды жұма қоясын. Комитетші өзі сөйлеп отырса, сонсоң тәртіп бола ма? Жиылыста сөгіс аласың, қашанғыдан бұрын жолдастарыңның алдында ұялғаның жаман ғой!

### Мені ақыры сайлады (Жапаштың сөзі)

Мені көпке шейін қызметке сайламады. “Сен салақсың: кітабыңды, дәптеріңді, өзге бірде-

нелерді ұмытып, үйге тастап кете бересін. Сен тапсырған жұмысты да ұмытып кетерсің” десті түте.

Содан былай мен ұқыпты, жинақы болуға тырысып жүрдім. Міне, мені тазалықшы қызметіне сайлады, кей жолдастар: “Бәрібір ол түк істемейді” деп мені сайлауға қарсы болды. Әй, солардың сөзі біртүрлі жарадай тиеді-ау!

Мүғалім айтады: “Соньна бір түскен нәрсесіне кісі жетпей қоймайды” дейді.

### Шаң-тозаңмен қалай алыстық

Бір күні қатты жаңбыр жауды. Жер былғаныш, лайсаң болды. Далаға шыққанымыздың аяғы бес баттам балшық болып келеді. Аяғымызбен еденді былғадық. Мектептің іші жылы еді. Аяғымыздан түскен балшық кепкен соң үгітіліп, шаң-топырақ болды. Қара тақтайды сүрткенде тағы да шаң қаптады. Балалар алысып-жұлысып шанды молайтты. Шаң-тозаң кеудемізге кіріп, мұрынымызды жыбыршытып, жөтел тигізді. Содан кейін тыскарга шөп-шалам. жаман кенеп тастап, аяғымызды сүртіп кіретін болдық, шаң шықсын деп, терезенін тесігін ашып қойдық.

Құрман желдеткіштің алдында отырушы еді, суық тиіп, тұмауратып қалды. Енді суықтан сақтанып жүретін болды.

### Күз

Күн қысқара береді. Ел отты ерте жағады. Әуе салқын бола бастайды. Шөп құарады. Ағаштын

жапырақтары сарғайып, сыбдыр-сыбдыр түсе бастайды. Құстар топтанып, тізбек-тізбек болып жылы жаққа ұшып кетеді. Суыр, тиін сықылды аңдар інге, ағаштың қуысына кіреді. Құрт-құмырסקалар да илеуіне, тастың, қабықтың арасына тығылады. Бәрі де жазға шейін ұйықтайды. Кісілер үйлеріне от жағып, жылы киімдерін әзірлей бастайды. Шаруа адамдары отын жинайды. Шөп үйеді; қысқа азық, астық даярлайды, қорасының құлағының ашылған жерін бүтіндейді. Пештерін қайта түзетіп салады; үйлерін сылайды.

### Құстар қысқа қалай даярланады

Күннің суық боларын елден бұрын құстар сезеді. Күз болысымен олар тізбектеліп жылы жаққа қарай қайтады. Тырналар қоштасқан кісілерше ауылды айналып, қиқулап кетіп бара жатқаны. Ең алдында жолды көп көрген кәрі құстар жүреді. Құстар ұшқанда сындырған шыбықтай, алды бұрыш, арты талтақ болып ұшады.

Құстардың бәрі бірдей жылы жаққа кете бермейді. Біздің жақта қыстап қалатын құстар да болады. Қыстап қалатын құстардың жылы мамық жүні, жылы қанаттары күздігүні өсіп жетіледі. Суық торғайлар өздеріне жылы ұя істеп алады. Көгершіндер шатырдың төбесіне, қораның қалтарысына паналайды. Құстар қыстыгүні не болса, соны қорек қылады.

## Бие қайырдым

Ағатайым ұстаға арба тарттырып келді.

— Сен биені қайырып келе қойшы! — деді.

Мен атқа мінуге қуанып кеттім! “Жарайды” дедім. Ағатайым көк байталға мінгізді. “Таралғыға аяғыңды салма, жығылсаң, ілініп қаласың” деді. Аяғымды салғам жоқ.

Көк байталмен бүлкілдетіп бардым. Биелер, құлындары косақтаулы, қара шоқының ар жақ жамбасында жайылып жатыр екен. Айғайлап айдай бастадым. Жирен бие шабан-ак! Қарыны кебежедей болса да, жайылып артта қала береді. Сүр бие жылқыдан оқшау жүреді. Алыстан камшымды үйіріп дауыстап айдаймын. Құлағын жылмитып қояды. Таянсам, қос аяқтап салады ғой, оның тебеген екенін бұрыннан білем. Торы бие алдыңғы аяғын ноктаның сабағына іліп алыпты. Құлынның мойынын ауыртып келеді. Түсіп жазайын десем, шамам келмейді.

Биелерді айдап келдім. Ағатайым мен апам шелек алып шығып бие сауды. Мен қайырып тұрдым. Сауып болған соң мола жаққа өргізіп жібердім.

## Қою сүт

— Жанақ-ау! Біздікі қою сүт пісіріп жатыр! — деді Қабылтай.

Жанақ қою сүт пісіріп бер деп анасына азап салды.

— Қабылтайдың үйіндей көп қойымыз бар ма! Бес-алты саулықтан қай жөнді сүт шығады. Қойдың өзі де суалып кеткен шығар, — деді анасы.

– Иә, сауса, неге шыкпасын?

– Ендеше қозыларыңды когендеп келе гой.

Жанак жүгіріп қотанға барды. Қозылары асау болып кеткен екен, ұстатпалы. Жанак Шоканды, Қабылтайды шақырды. Үшеулеп қозыларды көгенте камалап, ұстап жүр. “Бір күлақтың” қозысы Жанактың аяғын езіп кетіп бакырды да қалды. Қозының тұяғы өткір болады екен.

Қабылтай Жанакты уатып, үйіне апарып, қою сүт берді.

Ертеңіне Жанактікі қою сүт пісірді.

Жанак Қабылтайды шақырып бір тостаған сүтті екеуі бөліп ішті.

### Етікші

Ескі етігімді бастатуға Шегебай етікшіге берлік. Шегебайға күнде барамын:

– Етігім қашан бітеді? – деймін.

– Ақысын берсең, тез бітеді, – дейді Шегебай.

– Ақысын ағатайым береді гой.

– Ағатайың – сараң кісі, бермейді. Ойнап айтады гой.

– Басын қондырып болған соң атқа мінгелі отырмын, – дейді.

– Тағы бітпейді екен гой?

– Қайдан бітеді? Өзің түк әкелмейсің.

– Не әкелейің?

– Құрт-май әкел! Әнеугі сойған қойдың етінен әкел!

Апамнан құрт-май сұраймын. Апам: “Ойнап айтады” деп сөзге жұбатып бермейді. Мен қоймаған соң апам тостағанға құрт-май салып береді. Мен Шегебайға жүгіріп алып барам. Шегебай:



— Әй, жігіт! Жарайсың! Енді тез бітіремін — деп күліп қатынымен екеуі күрт-май жейді.

Ертеңінде етігімді бітіріп берді. Нәл салыпты. Ағатайым: “Мықты болған екен” дейді. Алам: “Сұлуынан жылуы да” дейді.

Ескі байпағымды саптап киіп алдым. Алам: “Енді ханга сәлем берер ме екенсің!” дейді.

### Қоян байғұс

Қабағын түйген ызғарлы, жанбырлы күз келді. Қоян байғұс қысқа азық жинай алмай қалды. Жүгіріп қарағанның арасына барды. “Қық!” деген дауыс естіліп еді, шошып кетті, тауға қарай зымрады. Қоян тауға жете алмай моланың ығына жата қалды. Ар жағында қойшы жүр еді. “Айт!” деп еді, қоянның зәресі ұшып кетті. Ылдиға түсіп, өзекпен жөнелді.

Қоян байғұсқа дамыл жоқ, жауларынан бір қорықса, жаңбырдан тағы қашады. Құлағын қысып, көзін сығырайтып, аспанға қарайды. Аспан түнеріп, жаңбыр жауып тұр. Тым болмаса, күн ашылып, құрғақ болса екен байғұсқа.

### Күзем

“Ертең ауыл күзем алады” десті. Қой қырыққан қандай қызық болады! Таңертең тұрсақ, байдың үйінің алдында қойлар көгендеулі екен. Бет-қолымызды жуып, асымызды іше сала сонда бардық.

10 шақты кісі белдерін буынып, білектерін сыбанып, қырықтықтарын қайрап жатыр. Ересек балалар жапырласып қойларды сүйрелеп үйге

кіргізіп жүр. Көрі саулықтар жығатынын біліп, тырмысып үйге кірмейді; күшті кісі болмаса, жыккызбайды, әккі болады. Қойларды топырлатып жығып жатыр. Біз аяғын шалып береміз, жүн жиямыз, қойға әліміз келмейді. Үйдің іші бүркыраған жүн. Қырықтықтар судыр-судыр етеді. Бәстесіп қырыққанда калай қолдарын кесіп алмайды? Қырықтықшылар әр үйге жүн апарындар деді. Біз жүн апарып, аяқ-аяқ күрт-май әкелдік. Күрт-майға кенелдік-ау!

Қойды қыркып болған соң қатындар жүн сабап, кигіз басты. Бізге кигіздің ауыл-ауылды қыдыртып тартқаны, қарпығаны қызық болушы еді. Қатты домалатып кеткенде қатындар тебе алмай жығылып қалатыны да болады. Қарпығанда біз де бір жағынан қалмаймыз.

### Егін ору

Мен апама еріп Нүркеннің ауылына бардым. Ол ауыл егін салады. Түйеге аяқ арба жегіп балалар егінге бармақ болды. Балалармен бірге мен де бардым.

Егін дегені кәдімгі шөп тәрізді болады екен. Ұзындығы ақ селеудей, бастары тақияның шоғындай салбырап, майысып тұр. Қолға алып укаласан, жып-жылтыр моншақтай тарылар сау етіп түсе қалады.

Біз барғанда екі еркек, бір әйел бытырлатып орып жатыр екен. Бүкшендеп, орақтары судырлал орғанда қолдары шып-шып етеді. Уыс толғанда тоқталып тастап отырады. Желпілдеп тұрған егінді заманда бытырлатып недәуір орып тастады.

Балалар масак теруте кірісті. Мен де терістім. Қолым толған соң Нүркенге: “Қайда апарамын?” деп едім, “Бөкеге сал!” деді. “Бөкесі” орып тастаған бөлек-бөлек егіндер екен. Бөкелерді жинап бір жігіт бау байлап жатыр. Бірталай бауларды үйіп сая салып қойыпты.

Кешке таман қолтық-қолтық егін алып ауылға кайттық.

Жатарда сүт пен майға басқан кәші жедік. Өзі тәтті-ау! Көмейі суырады!

## Жел

(Қазағи баланың дәптерінен)

Бүгін боқыраудың 15-і. Жел қатайып қара дауыл болды. Бакшадағы жапырақтар қардай борады. Ағаштар солқылдап зу-зу етеді. Жас ағаштар дауылдың күшіне шыдамай еңкейгенде бастары жерге тие жаздайды. Шіріген қу бұтақтар шарт-шұрт сынады.

Бокшаның ар жақ шетінде, желдің өтінде тұрған көрі терек күрс етіп құлады. Бұтақтары быт-шыт болды.

Өзеннің беті — аттай тулаған толқын. Толқындар — ақландағы алабас бурадай, үсті басы ақ кобік. Бір толқынды бір толқын қуалап, судың кемеріне шылп-шылп соғады.

Дауыл топырақты бүркыратып әуені алай-түлей қылды. Көзді ашқызбайды. Мұндай дауылда көзді басып жүрмесе болмайды: көзге қиыршық түссе, көз түйіліп ауырады; укаласаң, қыздырып, қанталап ақ түсуге мүмкін.

## ТӘУБЕ ҚЫЛДЫ

Қасым — жігіттің қасқасы. Ағайынның тағалы торы тайын жатқа жібермейді. Жауын жаулайды, жесірін даулайды, жерін жалдайды. Ұрлығын қымтайды, шеттен шымқайды. Болысқа барады, орысқа барады. Ел бағады, сөз бағады. Аттан түспейді.

Қасаң қонақасыға қандай мырза!... Онша дәулетті де кісі емес. Бірақ Қасымға: дәулет — қолдың кірі. Жумаса — бітеді, жуса — кетеді. Өзі тірі болса, кемлік бар ма. қорлық бар ма?

Ол өзі келбетке де кет әрі жігітін емес. Орта бойлы, мұрт, мұрын, сақал, көз. — бәрі кәлімгілей. Мінсе, шіренеді. Жағасына кір жоламайлы. Тізесін қылшықтап, шырт түкіріп отырады. Баламен — бала, көрімен — кәрі. Әйтмен неге... кішіпейіл ғой.

“Әттен, әнебіреуісі болмаса” деп жұрт қауесет етеді. Онысы не екенін шорт біте ме, әйтеуір, жігіт.

Қасым кешке жақын төбе басында отыр еді. Сарбұлақтағы бес ауылдың еркек кіндігі қасына жинала бастады. Күнлегілей әркіммен жампаңдасайын десе, жұрт төмен қарапты. жер шүкілды, тас салырады.

“Бұларға не болған?” дегендей, Қасым жалпақтайды. Сүзілген көздер біріне-бірі итергендей болады. Әлдебір жанкүйері өліп, соны естіртетін тәрізденеді.

Әсен ақсақал Қоңқашбай отағасына қарады. Қоңқашбай отағасы көрмегенсіп ауыл жаққа

карады. Ауыл жақтан оңірлері тас сыпырып бір екеуі тобе басына тырмысты...

...Олар келді. Сиыршылап отырды. Соларды күліп отырғандай, бәрі де көз қырларын жіберісті, иек көтерісті. Қасым жалтақ-жалтақ карады.

Ағайынға қадірлі, беделді Қасымға жұрттың түтқиыл бүйте қалғаны қалай? Қасым таң-тамаша. Япырмай! Оғаш қылығы жоқ еді ғой...

Қоңқашбай отағасы әлден уақытта әбден найқалып. тамағын жүдемелете кенеп, үлкен тырналындағы тасты ыршығып тастап, басын көтерді. Түтқи бәркін әнтек шалқайтыш, алдындағы жұртты бір шотыл алды. Сүйтті де, қоздайтын немеше:  
— Е-е-е! — деді.

Енді бастайды екен деп Қасым үмсынып қалды. Бірақ Қоқан бет-ауызын сыпыра бір сипап, тағы төмен карап кетті.

Заманнан заман өткенде Қоқан басын тағы көтеріп:

— Ым-м-м!- деп бір қойды.

Тамағын бір кенеп алып:

— Е, Қасымжан, мынау отырған жұрттың көңілінде саған айтатын бір мүддағалы сөзі бар көрінеді... — дегенде. Қасым жұлып алғандай:

— Айтыңыз, айтыңыз... тындайық, — деді.

— Айтқанда-а... Ол өзі не ғой... Сен әйтеуір аз үй Шапыраштыда басшы боп атқа мініп жүрсін... Жасың болса, бізден юші... Мынау отырған ақсақал, карасақалы алдына мені салып отыр түте... Біз сөзден қалғалы қашан. Ағайын, ашсаң — аялда, жұмсаң — жұмырында болушы едік.. Сенің табаныңа қадалған тікен маңдайымызға қадалсын деуші едік...

Осындай ұзақ сонар, құдай аманаты сөздермен Қоқан отагасы биенің табан екі сауымын алды. Нені айтқалы келе жатқанын әулие де аңғарар емес. Тек сөз саптасы бір зілді нәрсеге соғатын секілді.

Ағайын арасының ашу-аразына, дау-шарына, Қасымның ата тегіне, кәдіріне, ауыл-үйдің осегіне, шыршуына, достың күйініп, дұшпанның сүйінуіне... Бәріне шарлап отырып, аяқ кезінде:

— Құдайға шүкір. Ұлынды ұяға, қызыңды қияға қондырдың... Орда-шарқы үй болдың. Жамағаттарын бар. Біреуден ілгері, біреуден кейін... Қырықта қылау, елуде елік деген... Жастық, мастықпен жүрдің, тұрдың... Бір жігіт өйел қызығын сендей-ақ көрер... Бұл өмірде қалған жоқ шығар...

Жарықтығым, енді қайтсайшы, тәубе-тау-пиыққа келсейші... Мүйізің шыққандай болды гоіі... Міне, жұрттын сенен тілейтіні осы... — деп сөзіп аяқтады.

Әзір арсыз болса да, Қасымның бетінен оты шықты. Қайтсін: бәрі де сақалды басымен мойын салып отырғанын...

— Енді сүйт, шырағым! Келін, бата-шағаларды шыршу қыла бермеіі... — деген сияқты сөздер іліп ала жөнелді.

Қасым жер шұқып отырып қалды. Бір мезетте басын көтеріп:

— Бердім тілектеріңді: райдан қайттым. Осыдан енді нетсем, қызым қатыным болсын, 3-4 қарғанның игілігін көрмеймін! — деп ауыздан ант етті.

— Уа, бәрекелді! Көп жаса!... — десіп сақалдар қаулаң қакты.

– Менің қайтқан белгім со болсын: қажыға барайтын, Әзірет сұлтанға зират етейін. Бойымдағы сайтанды сүйтіп арылтайын... – деуі-ақ мұң екен ақсақалдар түбі түскен шелектей:

– Дұрыс-ақ! Соз-ақ! “Ерден иман құтылмайды” деген осы да, – десті.

– Дәулеттің шарқы өздеріңізге мәлім... Әйтеуір мұндағы қатын-баланың ораза ашарына зиян салғызбайтын болсаңыздар... – дегенде пейілденіп отырған жұрт:

– Мұның да дұрыс! – деп шу етті.

...Бір жұма отті ме, жоқ па, ұлы дүбір той болды. Көкпар тартылды. Батуан жығысты. Мал тоғілді. Ақша жиылды. Қасым қажы ақсақалдардан бата, қатын-баладан ырзалық алып, азық-түлігін камдап, ақ жолға сапар шекті.

Әзірет сұлтан – ара күндік жол. Бер жағында – Арыслан-баб<sup>1</sup> әулие. Аруақ аттап қалай өтсін?

...Келші, Арыслан-бабка зират қылды. “Кешіре гор... Сайтаннан күтқара гөр” деп тіледі. Егілді, езілді, балқыды. Алтын легенге салып нұрмен жутандай, жүрегі тазарды. Тамыр біткені зікір салып тұрғандай желпінді...

Жер астында қылуат (үңгір) бар. Мүлиген-мүлиген сопылар соған түнеген. Жолдастарын пәтерге қайырып, Қасым таза таһараттанып, қылуатқа кірді.

Тобесі тесік жертоле. Әйнек жоқ. Бағанда сығырайып шырақ тұр. Қасым сабанға төсегін салып жатты. Мүлгіген. Қолда – тәспі. ауықта – таһил. Иесіз үшгір. Үрейлі... Есік тырс етті. Кемпір кірді. Қасымға жатмауыздай көрінеді. “Бұл

<sup>1</sup> Арыслан-баб - Арыстан-баб (Ред.)

сүм қайдан жүр?” дегенше кемпірдің артындағы адамды көзі шалды. Кемпірді “Әжетай-ай!” дей жаздады: артындағы уылжыған келіншек екен. Жүрегінің қақ түбіндегі бір тамыры бүлк еткен болды. “Баяғы күнім болғанда қырыма бір алатын келіншек екен” деген ой салып жетіп келді. Бү бір бала іздеп келген келіншек. Анау, әлде енесі, әлде шешесі. Тәрізі шешесіне келеді. Бірақ енді тіл қатуға болмайды. Мешітте намазда отырған адамдай, қылыуатта ақ ниет үстінде отырған кісі гой.

Әйтсе де, неткен келіншек екенін білгісі кеп барады. Сүм нәпсісін осынша тізгіндемек болса да, көркем келіншек қаратпай, ойлантпай еркіне қояр емес.

Әйелдер үш адымдай жерден орын алып, төсектерін салып жайланды. Қасым шынтақтап көзін жұмып жатыр. Бітегене отырды да кемпір қысайлы. Келіншек тізесін шошайтып, негін сүйіп, томашадай боп отыр. Кемпір ұйқтайды гой деген ой Қасымның ой жорымын ағытып жіберді: арсалаң ой қиядан қияға шарлап кетті, Дәл некартпаға мінбелегенде жатқан орыны, келген жұмысы есіне түсіп, аттың басын бір тежеді. “Әбден құнығып кеткен екем” деп ойлап өзіне ұрыскандай болды.

...Қасым көзін қысқан болады. Бірақ қанат дыбысын сезген қаршығадай замат көзін ашып алады. Ашса — алдында келіншек отыр. Үнгірді шарлаған келіншектің көзі: ағы — ақ, қарасы — кара. “Ой көзіңнен!” дегісі келіп қалады.

Жалғыз шырақтың жырпылдаған жарығы келіншектің бетін жыбыр-жыбыр сүйеді. Ала сәуледе ақшыл бет күлім-күлім еткендей болаты.



Жоғарғы еріні әнтек сүйіріліп, төменгісін тымырайтып, қыздың қызыл оймағындай өбіскен еріні көрінеді.

...Ойпырмай! Неткен тәтті ерін! Ауызы түймедей әдемі келіншектің денесі, емшегі қандай екен. Бұлтиып тұр-ау, ә?! Саусақтары да етжең, өзі де тығыршықтай гой... Денесі... Несі қандай екен? Өзі де не шикілсары, не айтбозым, не бөртеке қызыл емес, деген құбақай құрғақтың өзі гой!.. Дәл баяғы Биған... ханша, неткенмен оған бір тоюшы ма ең? “Тағы, тағы...” дегізуші еді... Ондай әйел өмірде қолға тие береді дейсің бе? О бір айналып кетейін еді гой... Мынаның әптіші де соған келеді... деген ойлар анталап басын кернел баралы.

Келіншек Қасым жаққа көзінің астымен ғана қарайды, байыздамайды. Сүйгіп отырып келіншек оқалы кімешегінің алқымын көтеріп, тарқатылған бұрымын орді. Бұғакты, жұмыр ақ тамағы жарқ еткенде, Қасым: “түмсықты комер ме ед” деп ойлады. Жасыл жеңсізін қайқая шешкенде торсиган емшегін де көзі шалып қалды. Қасым есінен жудә айырылды. Енді жатады-ау, тезірек жатса екен дегеннен өзгені ойлай алмады...

...Келіншек жатты. Қара қоңыздай ілбіп минуттар өтіп жатты. Қанша мезгіл откені не керек, әйтеуір бір мезгілде Қасым ептел орылынап тұрды. “Бісмилләһи” деп әуелі шырақтың көзін өшірді. Түндік жабулы. Түн қараңғы болды. Әуелі қолды, сонсын аяқты жылжытып жіберді.

...Жетті. Қолды созды. Жырынды шіркін гой: уысы тола кетті. Қағып жіберді. Қайта салды. Тағы қақты. Тағы салды... Ауыз да жетті.

— Мен гой... Қымсынбаңыз..

— Жасаған-ай! Сақтай.. Осындай орында...

Неткен сүмдық..

— Дәтім шыдамады... Мені де сүбқан итерген шығар..

...Өлердегі сөзін айтса да, келіншек дарытпады. Дауысы әкірең шыға бастады.

— Бұл кім өзі? — деп кемпірдің басы жыланша қайқайды.

Қасым орынына сызды.

Жатты. Ойланды... Бір уақта солқ-солқ жылады.

— Иә, әулие, ой, Арыслан-баб... сен “бар” деп қоймайсың. Барсам, жолатпайды. Мен енді қайтемін? — деп жылайды. Айтады да ана жаққа күлақ түреді. Әйелдер сыбырласқан іспетті. Қасым жылауды үдетеді. “Әулие-екені” көбейтеді. Әйелдер сыбыр-сыбыр...

Алақай! Құдай берді! Көздің жасын илі: “алсан ала гой... Кім бітеледі... Әулие жұмсап тұрған шығар.. Іздегеніміз бала гой...” деген кемпірдің дауысы естілді.

...Несиеге қаратпай Қасым тағы барды. Қолды жіберді — сұлық.. Бостандық..

— ...Е, неге қайттыңыз? — дегенде, Қасым ауылына:

— Ақшамнан айырылдым, — деген жауапты қайырды.

## ЖАҢА ТАЛАП

Жанбыр сіркіреп тұр. Шегебай етікші — баласы Мұқанды мектепке жаздырайын деп Дәндебай ауылындағы мұғалімге алып жүрді.

Ол ауылға таянғанда жанбыр да ашылды. Жер шылқылдақ. Мұқан шылп-шылп еткізіп жамаулы жаман етігін әбден су қып алды. Қызыл елтірі бөркінен, ескі шекпенінен су өтіп, мойынынан сорғалап, судан шыққан тышқандай болды.

— Әне, анау тұрған мектеп, көрдің бе... Мен сені мұғалімге апарып жаздырам да Жұмандікіне барам, бастататын бір етігім бар деп еді...

Мектеп дегені терезелері үлкен, өзі де биіктеу, үлкен там үй екен. Маңдайындағы тактайда жазуы бар екен. Жазу екенін Мұқан таныған жоқ.

— Сұрт аяғыңды. Көрдің бе шөп, салып қойғанын.

Шегебай мен баласы кіреберістегі шөпке аяғын сұртіп мектепке кірді.

Кірсе, ашулы шаптың алдында мұғалім кітаптарды аударыстырып қойып жатыр екен. Шап алдындағы үстелдердің үсті — толған кітап.

Мұғалім Шегебай мен Мұқанды көріп:

— Келіңіздер, келіңіздер, — деді.

Екеуі кіріп, есік алдында тұрлы.

Мұғалім:

— Е, баланды оқуға бергелі әкелдің бе? — деп сұрады.

— Иә... сізге айтайын... жаздырып қояйын деп... онға шығып қалды... Еркелеу өзі... Жалғыз бала болған соң осыны бір нетіп...

Мүгалім үстелде жатқан үлкен кітабын алып, Мұқанның аты-жөнін, жасын, әкесі, шешесі не кәсіп қылатынын тіркеп жатты. Мұқан ауызын ашып қарап тұр.

Өзімнен бірдене сұрап қала ма деп қыпылдап барады.

— Е, тілеуің берсін, шырағым... Әйтеуір босқа етігін тоздырғанша ... Кішкене бірдене біле ме деп... Заман оқығандікі болды гой... Тәйір жалғасын, шырағым, оркенің өссін... Мен енді қайтайын...

— Біраз аялдасаңыздар, болмай ма? Жанбыр ашылды ма... Киімдеріңізді құрғатып...

— Менің бір шаруам бар еді... Жұман әнеукүні бір етік бастап бер деп еді... Соны нетейін деп...

— Ондайыңыз болса, дұрыс... Мен мына Мұқанмен кішкене сөйлесейін деп едім.

Соны айтқанда Мұқан қорқып кетті.

— Е, дұрыс, дұрыс. Кәзір маған онын керегі жоқ... Қалсын, қалсын... бітегенеден соң келіп ала қайтармын. Қарағым, Мұқан, сен қала тұр. Мүгаліміңмен сөйлесіп.

Мұқан әкесінің соңынан тұра жүгірейін деп бір ойласа да, оным балалық болар деп тоқтады. Тоқтаса да, қыбыр-жыбыр, қызарандап, шекпенінің етегін сығып, шұқылана берді.

Мүгалім:

— Е, Мұқан, оқу оқығың келе ме? — деп сұрады. Өзі төмен қарап тұрған Мұқанның мойыны бұдан бетер тұқырып кетті, қысылып түк айта алмады.

— Әлде хат танытын шығарсың, бұрын оқып па ең? — деп мүгалім тағы сұрады.

Мұқанда үн жоқ.

Мүғалім оған қарады да жалма-жан:

— Ойбай, жұмысымды бітірейін. Мына кітаптарды шақпаққа салу керек еді, Мұқан, сен болысарсың әлде, — деді.

Мұқан тағы үндемеді.

Мүғалім орындыққа шығып, үстелдегі кітаптарды шақпатың жоғарғы тақтайларына қоя бастады. Бір уақта орындық үстінде тұрып Мұқанға қарап:

— Әнебір кітаптарды әперіп жіберші, — деді.

Мұқан сәлекеттене ұстап кітапты алып берді.

— Енді әнебір, арғысын әпер... ол емес, арғы... сол, сол... е, бәрекелді, тағы өнебір кітапты... — деп мүғалім жұмсап жатты.

Мұқан ебі келмесе де, болысты.

— Е, жақсы болды гой!.. Әкең келгенде көрсін біздің жұмыс бітіріп жатқанымызды, — деп қоялды.

— Сен әкеңе де болысатын шығарсың?

Мұқан үндемеді.

— Етік тігуді білесің бе?

Мұқан басын шайқады.

— Рас, енді, етік қиын... ал енді балтамен шеге кағуды білетін шығарсың...

— Білем, — деді дауысын зорға шығарып.

— Е, тағы не білесің?

— Тарамыс тоқпақтауды білем...

— Жақсы.

Енді мүғалім орындықтан түсіп кітаптарды шақпатың төменгі бөлмелеріне қойып жатты.

— Сен ойнағанды тәуір көрсің бе?.. Ат бол ойнағаның бар ма? — деп оқыста сұрап қалды.

— Ойнағам, — деді.

- Мылтық атканың бар ма?
- Бар.
- Оны саған кім істеп берді?
- Өзім істедім.
- Сен істей білесің бе?
- Білем.
- Уа, жігіт екенсің! Сен өлі оқуды да жақсы оқырсың. Сен оқығың келе ме?
- Мұқан “жок” дегендей басын шайқады.
- Жок дейсің бе? – деп мұғалім тақымдады.
- Мұқан қызарандап тұрды да дауысын әрен шығарып:
- Қоркам, – деді.
- Қоркам! Кімнен қорқасың?
- Үкпайым ғой... Онын мәселе дегені болад дейді.
- Мәселеден қоркам де... Мәселе дегені санау ғой. Сен санауды білмейсің бе?
- Білмеймін. – деді.
- Бері қарашы. осы үйде неше үстел бар екен, бәрін санашы.
- Мұқан бәрін қарап санаты да:
- Тортеу. – деді.
- Жарайды. Ал енді мен анау үйден бір үстелді тағы әкеліп қойсам, нешеу болады?
- Бесеу болады.
- Әйбат. Міне, мәселе деген осы ғой. Онын не қорқатыны бар?.. Сен жігіт екенсің.
- Жазу ше? – деп сұрады Мұқан.
- Жазудың несі бар? Өзің де үйренесің.
- Менің бармағым келмейді ғой.
- Кәне, сенің бармағың басқа ма? Көрсетші.
- Мұқан бармағын тарбайтып көрсетті.

Мүгалім қалжындап бармақтарын санады:

– Біреу, ексеу, үшеу, төртеу, бесеу...

– Бес бармақ, осы аз ба саған?

Мүкан жымиды.

– Бесеу болғанмен жаман гой. Мұндай бармақпен кісі жаза ала ма?

– Әбден жаза алады. Осы бармақтарыңмен біз, пышақ ұстай білесің гой.

– Пышақты ұстаймын.

– Қасықты ше?

– Оны да білем.

– Ендеше қарындашты да сүйтіп ұстап үйренесің. Сенің саусақтарың осы күні епті, мықты... Сен әлде құрайдан сыпырғы істеуді де білерсің?

– Білем.

– Е, мінекей, кормейсің бе? Саусақтарың бәлекет екен гой.

Мүкан жадырайын деді. Сүйтті де:

– Оқуды қалай үйренем? – деп сұрады.

– Оқу тіпті оңай. Кітаптағы суреттерге қарап үйренесің. Міне, карашы мына кітапты, – деп мүгалім Мүканның қолына кітап берді. – Мына жерге отырып қарай тұр. Мен мыналарды орынына қойып.

Мүкан кітапты ақтарып қарай бастады.

Мүгалім өз кітаптарын орналастырып, өз жұмысын істеп жатты.

Кітапта сурет көп екен: бір бетте бесікте жатқан бала. Біреуінде жүгірген бала, шана, терезе, мысық... Оңшөң жақсы суреттер. Бір жерің ашқанда Мүкан:

– Оһо! Сырғанақ, – деп дауыстап жіберді.

- Мүгалім қасына келіп:  
— Сен төбе басынан сырғанақ теуіп пе едің?  
— деп сұрады.  
— Тепкем.  
— Немен тептің?

Тағы әлгіндей сөйлесіп кетті. Енді манағыдай емес, Мұқан мүгалімнен үялуын қойды. Сұрағанына жауап беріп, өзі де көрген-білгендерін айтып жіберді.

Содан кейін мүгалім тағы да Мұқанды кітап әперуге жұмсады. Мұқан қорғанбай, қорықпай кітаптарды әперіп, мүгалімге болысты.

Шегебай келгенде Мұқан жұмыс қып жатыр еді.

— Е, біздің Мұқатайға да жұмыс табылыпты ғой, — деп әкесі күліп келді.

— Уа, бұл жігіт екен. Маған қолғабыс қып жатыр, — деді мүгалім.

— Мұқатай, енді болсан, үйге қайтайық: кеш боп кетер... Мүгалім рұқсат етесіз бе? — деді әкесі.

— Рұқсат, рұқсат. Мұқан. рақымат. Мектепті көрдің ғой. Дүйсенбі күні оқу басталады, кел со күні, — деді.

Мұқатай жайрандап:

— Келем, келем, — деді.

Үйлеріне қайтып келе жатқанда Мұқан:

— Дүйсенбі тез болса екен. Мәселесін үйренейін деп едім, — деді.

— Қорықпайсың ба?

— Несіне қорқам? Жнырмаға дейін санауды білем. Жазуды да, оқуды да үйренем. Аға-ау! Кітаптарының суреті біртүрлі қызық екен! Не керек, тамаша, тамаша!.. — деп үйіне жеткенше көрген суреттерін сөз қып барды.



## МЕН ҚАЛАЙ ҮЙЛЕНДІМ? (түйық әңгіме)

...Сүйтіп жүргенде “Кейкіде бір жақсы бала түр” дегенді құлагым шалды. Егжей-тегжейін сұрастырсам: беріп отырған қыз екен. Ескі болыстық партияның кесірінен жастайынан атастырған, бү күнге күйеуі 12-де, өзі 18-де екен. Күйеуі ақсақ болған соң қыз менсінбей жүреді екен. Қыздың кайынағасы да өліп қалып, енді Кейкі ақсақал, жесір қатын малын жегізбеді деп, қызын бермеймін дейді екен. Оқыған азаматтардың әрқайсысы-ақ барып көріп, хат жазса да, қыздан жауап ала алмайды. Тегі қыз әкесінің ажарына қарайтын болса керек.

Сонда да маңдайымды бір сынайын деп екі жолдас ертіп, елеусіз барып қайтқалы атқа қондым.

Мінгенім – қаз мойын құла торы, аяндағанда, тізгінді іркіп тастап отырады. Кигенім – бұйра жағалы кара пәлте, пайымен тыстаған кара елтірі тымақ, күрең барқытпен көмкерген, сұлу кима тақа, ішкі киімім – кок сүр тройка. Мұрынымның құлай берісіне таяу болар-болмас кез еті бар. Бар қауімі сол. Одан өзге жерімнен, құдай біледі-ау, тинамдай мін таба алмайды. Қандай ауызы бүлбүл, аяғы дүлдүл қыз болса да, татимын деген сенімім күшті. Ағаң әлі сондай жігіт!

Әнтек тісім қопалдау. Әйтпесе ана... Әшір жолдасым өзіме серік, елті.

Әшір ол елмен ашына, құдандалы ғой, “қыздан тілді кім арқылы аламыз?” дегенде, Әшір:

“Бер жағында қыздың нағашыларында Шәріпбек деген пысық жігіт бар, — деген”.

Арада атты бір шалдырып алып, желе жортумен намаздыгер шенінде нағашыларына жеттік. Шәріпбек үйден табылды. Оны да ырым көрдік. Шәріпбекті ертіп алып, адырдың ішімен төтелей салдық.

Қарсы алдымыздан қоңырсалқын жел есіп, аспанда алашабыр сұрқыл бұлт қошіп, ойпанның солған соны көдесін сүрлеудей жапырып, тымақтың құлақтарын желпілдетіп, шірене, қонақтай шерттіріп, айдап келеміз.

— Мына төбеснің астында, — дегенде, атты тежеп, солығын бастырып, апақ-сапақта қыздыкіне аударыла түсе қалдық.

Қора маңы қара малмен, кереге-уықпен, пішеншінің түйелі арбасымен қокып жатыр. Кейкі ақсақал үйде жоқ екен, бәйбіше “түссін” депті.

Асты-үсті тактайлы, екі бөлмелі үйдің жоғарғысына кіріп, саптамаларымызды тастап, байпаңдап барып, төрдегі көрпеге отырдық. Бұрыштағы қарқара пештің көрнесінде жеттік лампы жанып тұр.

Екі қызды жоғарғы жағына ала отырған, бетінен майы шыққан, күптей күрең бәйбішемен сыпайы амандастық, ажарлы кісі екен. Одан туган қыз негіп жаман болсын.

— Есенсіздер ме? — деп екі қызға да көз қырымен ерін қозғалдық.

Бергі, қаздиган қағаздай қыздың келбеті “жаман қозіме” жағып кетті. Ондап қарауға бәйбішеден именіп, қарамауға көңіл шіркін шыдамайт.

сыртма сыр білдірмейін десем де, ішім қобалжып барады.

Қыстауға қашан қонғанын, ақсақалдың қайда кеткенін, шаруаның жайын сұрап Әшір жолдасым бәйбішемен тасымал сөзге кірісе бастады.

Қарапайым, жасық жігіттерше құтымды өшірмейін деп, пәлтемнің түймелерін ағытып, тымағымның қыз жақ құлағын жымшырып, бір аяғымды қосіліп, жайланып отырған болдым. Қосілсем де, козел мәсісін көрсеткені ме деп ойлап қала ма деп, тағы қыпылдадым. Әйтсе де, аяқты жимадым. Шылымымды тартып жіберейін деп бір оқтанып, қолымды қалтама таман апарсам да, мұным тым жеңілдік, ерсілік боп, бәйбіше сөгіп тастар деп қайта қойдым.

Тілеуің бергір бәйбіше, бітеге не десін, үйде ерск жогын айтып, қыңжылған болып, шаруасының жайына рұқсат сұрап, шығып кетті. Ұстаудан босағандай бойым бір жадырап қалды.

Жолдасымның бетіне күлімдей бір қарап, шылымды суырдым. О да бірді алды. “Шылым тартуға болатын шығар” деп сұрағалы қыздарға мойынымды бұруым-ақ мұң екен, ауызымдағы сөзімді Әшір айтып салды.

— Неге болмасын? — деп бергі қыз салқын айта салса да, біз тұтатып жатқанда, ана қызға еңкейіп бірдеңе сыбыр еткендей болды.

Оны байқамағансып, қою түпінді бір лықытып қалып, ендігі сорымын өкпені арапатып, ерінімнің ортасынан ине көзіндей тесік жасап алып, сол тесіктен сыздықтатып шығара бастадым.

Бәйбішемен сөйлескені секілді жолдасым қыздармен де елеусіз сұраудан бастап, қысқа-қысқа

жауап алып, бірте-бірте сөйлесуге айналып барады. Салтаннан күйеу жігітсіп топастық көрсетпейін деп, анда-санда шағымды жерінде мен де ештеп кірісіп қоямын. Бойы үйрене келе бергі қыз да бізге сұрау бере бастады. Әуелі “сен қайдан жүрсің?” деп нағашысына (Шәріпбекке) тіл қатып, екі сөз аралатып: “Бү кісі елге қашан келіп еді?...” деген сияқты маған да жағалады. Менін жайымды сұрағаны жаныма жағып барады.

\* \* \*

...Көп сөйлеп не керек... бір айдан кейін әлгі қағаздай қызды алып қаштым. Қарау әкесі қалың малсыз бермейтін болды.

...Сонша жерден қыз алып қашып, таң ата келген кісі шаңқай түсте шай ішіп отырғанда, 40 шақты кісі қутыншы сау ете түсті.

Беті қатты... қолдарында сойыл. Қырып-жойып, қызын тартып әкетуінде сөз жоқ. Төніректе еліміз аз. Тергеуші, мелітсе 50-60 шақырымда.

Ауылдағы жалғыз сөз білетін, жөн білетін – Жаңқаш отағасы. Қызды үйге алып келген себебім: ел өзімнен айыптайтын: үлкен қаладағы кеңес қызметкерімін. Құғыншы бүгін келіп қалады деген ойымда да жоқ, қалаға ертең тартпақтын...

Қысылсам да, не керек, жұмыс онға басты, қутыншыларды жанымен әлек қып, қызды қалыңсыз алдым...

Қалай қылып десеніз, былай:<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Жинақ сонындағы “Түсініктемеге” қараңыз – (Red)

## СУ ЖҮЗІНДЕ (Мопассаннан)

Өткен жылы Париж қаласында, Сене озені бойынан бір кішкене пәтер алып, таза ауаға шығып, сонда қонып тұратын болдым. Кешікпей-ақ бір көршіммен таныс болдым. Жасы 30-40-тың шамасына келген кісі. Көріп жүрген адамдардың ішіндегі бір жаты еді. Өзі қашаннан бергі кайықшы; кайықшы болғанда бір жансебіл, өмірін мәңгі су бойында, су жүзінде кешірген бір адам; кайықпен бірге жасасып, күрекпен бірге көрге баратын тәрізді. Суға жаны құмар бір адам.

Бір күні кешке екеуіміз өзен жағалап келе жаттық. “Су жүзіндегі өміріңнен қызық әңгіме айтшы!” деп сұрадым. Ыңкылдақ адам еді, сүйдеуім-ақ мұң екен, жүзі гүл-гүл жайнап, елеуреп, ақынша суырылып, әңгімені қойіте бастады. “Су!” десе, жыны түскен дәу-пері бақсыдай құтырады.

— Айкай, заман-ай! — деп бастады балықшы. — Осынау беті жыбырлап жатқан өзен қандай әсер қалдырмады маған! Өзен деген не нәрсе? Көше халқы — сіздер түгін де білмейсіздер. Өзенді балықшының ауызынан естіп көріңізші, қалай сөйлер екен. Су деген — балықшыға бір жат дүние; өзгелерге ұғымсыз, оған оңтеште терең сыр, шалқыма қиял. Елбелек сағым дүниесі, неден екені белгісіз, меңіреу түнде су жүзінде жүргенінде, қара түнде мола қыдырған адамша тұлабойың тітіреп, су бір көрсіз молалай, ішінде

жаналғыш тажалы бардай көрініп, жоқ нәрсені көресің, жоқ дыбысты естисің.

Балықшыға құры жердің шеті бар, албастыдай түнерген айсыз түнде өзен деген — шетсіз, түпсіз бірдеңе. Бұл әсерді көк теңіздегі кемешілер де сезбейді. Рас, теңіз бүрканса, үстіне катер де, қаза да төнеді. Теңіз өкіреді, теңіз ұлиды; ол бет-жүзіне карамайды, апшынды қуырады, қол-аяғынды бір уыс қылады; ол теңіздің зорлығы. Өзен — бір тымырсық сүм. Ол өкіріп, бақырмайды, жылымшылап, сылдыр қағып ағады. Ағып судың сол ағысы маған дария толқынынан әлдеқайда қорқынышты көрінеді.

Теңіз астында әлденедей көз жеткісіз көкшіл, сарғыл сағымданған көрікті жерлер бар; Сута кеткен адамдар зенгірдей балықтардың, бәйтерек ағаштардың, Гавмердей шынның, күбыдай күздардың ішінде жүзіп жүреді-мыс деп жүреді қиялшылар. Өзен олай емес, оның түбі тұнғық, оған кетсең, балдырға шырмалып шірісің. Сонда дағы өзен сұлу. Өзеннің жана шыққан күн нұрына шомылып, айнадай жалтырап, қалың кірпік арасындағы жәудір көздей, қалың құрақты жылғамен күмістей жыттырап, шымырлап ағып, сылдыр қағып жатқаны қандай гажап сұлу!

Сыпсың қамыстың сырлы сыбдырмен сын-сыған шежіресі тулаған толқын, ұлыған дауылдың көрлене соққан долы күйлерінен әлдеқайда үрейлі, әлденедей елегізйткіш бірденедей көрінеді.

Сіз әңгіме айт деген соң, енді сізге он жылдар бұрын бастан кешірген бір уақиғаны сөйлейін!

Бір күні кешке түнде мінетін қанығымды түзетіп болып, шаршаған соң тыным аламын деп.

камыстың жисгіне келіп тоқтадым. Күн майдай жылы. Ай сәулесімен өзен айнадай жылтырайды. Төнірек құлаққа үрған танадай. Күннің тымығы қыз сықылды. Темекі тартып алайын деп ойладым да, дереу зәкір тастап жібердім.

Қайығым ағынмен әнтек сырғыды да, шынжыр тырсылдаған соң тоқтады. Қайықтың көтіндегі сеңсеніме жайланып отырдым. Маңай өліп қалғандай тым-тырыс, анда-санда жиекке соғылған судың сыбдыры ғана құлаққа еміс естіледі. Анадай жоғарыла корінген жиектегі қамыс біртүрлі сиқырлы түрге кіріп, адамды “эне, шайқалды, міне, сылдырлады!” депізгендей болды.

Өзен беті тіпті тынды. Мұндай керемет тымықтық маған біртүрлі ауыр әсер беріп, дамылсызданғандай болдым. Ел жатса да, жатпайтын копа жыршылары — бакалардың үні ошті. Бір мезетте шошып ояғандай оң жағымнан бақ еткен бака дауысы шықты. Селк ете түстім. О да басылды. Бұрын қанша тартсам да, қанбайтын кісі, темекімді тартып бітіре алсамшы. Екі-үш сорған соң жүрегім қатты қағып, тартуды доғардым. Өлең айтып көрейін деп, дауысымды шығарып едім, өз дауысым өзіме естілмеді. Соған соң қайықтың түбіне шалқамнан түсіп сұладым да, аспанға қарадым. Недәуірге шейін ешнәрсе білінген жоқ. Аздан кейін қайығым ақырын теңселіп, мазамды ала бастады. Қайығым біресе көкке көтеріліп, біресе томен құлдырап, өзеннің екі ернеуіне кезек соғылған тәрізді болды. Қайығымды бір мақұлық, бір белгісіз күш су түбіне қарай тартып барады екен деп ойладым. Сүйткенше болмады, қайта босатқаншай, қайығым

қайта котерілгендей көрінді. Тағы да дауыл сокқандай қайықты ойнақтатты, маңайымның бәрі суылдағандай болды. Басымды жұлып алып, атып тұрдым. Су манағы қалпы, жалтырап тұр, төңірск тып-тыныш.

Тегі менің сезім тамырларыма бірдеңе пайда болған екен, бұ жерден кетейін деп ойладым. Шыңжырымды тартып едім, міз бақлады. Қайығым ойнақшып, ыршып-ыршып кетті. Бір дүкірт ұшырағанын сездім. Күшімді жинап, “ауп!” деп күшене тартып едім, зәкір тырп етпеді. Зәкірім тереңге барып, бір нәрсеге ілінген болса керек, тартып ала алмадым. Қайтадан тартып көрдім, болмады.

Күректі қолыма алып, қайықты ағынның бетіне бұрып алып, зәкірді аударайын деп, есейін кеп, зәкір жылжымайды. Күйіп-пісіп, жыңды кісіше шынжырды жұлқылаймын. Орыннан мызғымайды. Салғым суға кетіп, қайтерімді бітмей терең ойға кеттім. Шынжырды үзуге болмайды: жуан, мықты шынжыр; қайықтан ағытып жіберуге тағы болмайды: жуан ағашқа берік шегелеулі. Енді не қылу керек? Күн жылы ғой, біреу-міреу келер, шығарысар деп, өзімді жұбатқан болдым. Еңбегім рәсуа болғаны жабықтырды; отырып шылым тарттым. Бір бөтелке арағым бар-ды, орта стақандай жұтып алдым. Өз күйім өзіме күлкі көрінді. Күн мейлінше жылы, кірәржитін дәнеме жоқ, су жүзінде түнеп шығуға болатын.

Кенеттен қайықтың бүйіріне бірдене дүрс еткендей болды, қопаң ете түстім; суық тер саулап қоя берді. Ағып бара жатқан ағаш, әлде басқа бірдеме соғуға мүмкін ғой, бірақ сол дүрсілдің



өзі түла бойымды дiр еткiзе түсiрдi, тамырларым желпiнiп, желiге бастады. Жалма-жан шап берiп, бар күшiммен шынжырды тарттым келiп, тарта-тарта сiресiп катып калыптын, зәкiр баяғы калпы. Дымым кұрып кайта отырдым.

Сүйткенше болмады, мұнартқан кою тұман өзен жүзiн бүркей бастады. Тұман төмен түстi, суға бауырын төседi. Өзен де, аяғым да, кайык та көрiнбейдi. Камыстың бастарын, одан әрi айдың бозгыл сәулесi түскен, аспанға өрлеп созылған, әр жерiнде теңбiлi бар жазықты гана айырамын. Теңбiл көрiнген шоқ бұта болса керек. Белуарыма шейiн ақ кагаз дастарқанмен оранған адам тәрiздiмiн. Ойымды керемет, жат кияллар басты. Қайығымды көре алмаймын. Қайығыма бiреу мiнгелi жатқан iспеттi. Қалың тұман қаптаған өзен бетiнде жан шошырлық неше алуан мақлұқ жан-жағымнан анталап үшып жүрген iспеттi. Шеке тамырым солк-солк етiп, жүрегiм аттай тулады. Түншықтым, басым айналды. Өзеннен малтып шыбысым келдi. Кенет үрейленiп, бойым тiтiреп кеттi. Көзсiз тұманда, өткелсiз камыстын, шоптiң арасында, кұтылуға дөрмен жоқ; олгенiм гой деп ойлалым. Жаға корiнбелi. Қайык жоғалды. Қаранғы түнгиыққа қарай аяғымнан бiреу сүйреген тәрiздi болды.

Ағынға карсы бес жүз алымдай жүрiп, балдырмен камыстан өтiп, бетi ашыққа шықсам. кәрлi тұманнан, қатерден кұтылар едiм деп ойлаймын.

Қорықлайын деп кайраттанамын, бекiнемiн, болмайды; iшiмде кайраттан басқа бiрдене бар сияқты. Сол бiрдене корқа бередi. “Осы мен

несіне қорқамын?” деп сұраймын өзімнен. Мендегі батыр “мен” – қорқақ “менді” мазақтайды, күледі. Дәл сондағыдай біріне-бірі қарсы ішімдегі екі мақлұқты одан бұрын да, соң да анық сезген емеспін. Бірі “қорықта” дейді, бірі қорқа береді. Екеуі біресе кезек жығысады, біресе ит-жығыс түседі.

Білімсіз қорқыныш шырлығып, жан шошырлық үрейге шапты. Көзім шарасынан шығып, құлағымды түріп, қыбыр етуге сескеніп отырмын. Нені күткенімді өзім де білмеймін? Әйтеуір күткен қатерім зор. Егер сол кезде судан біреу қылт етіп шыға келді бар ғой – сөз жоқ талып қалуыма.

Сонда да қайратымды салып, шығып кеткелі тұрған есімнен айырылмадым. Бөтелкеме тап беріп, арағымды басыма тағы көтердім. Басым өңтек айығайын деді. Со кезде жан-жағма қарап, пәрменімше айқайды салдым. Өңешім жыртытып, тамағым қарлыққан кезде, құлақ салдым, өлдекайдан иттің ұлығаны естілді. Қайық түбіне серейіп тағы жаттым. Көп жаттым шамасы. Ет пісірімдей уақыт өткен шығар. Көзім ілінбеді; маңайым толған қорқыныш: басымды көтеруге батылым бармайды; әне тұрам, міне тұрам деп, тұрғым келіп, тағы шышатпайды: кешіге беремін. Тұра алмаймын. Не керек, аяғында сақтанып, ептеп басымды көтердім. Титтей сыбдыр шықса, жаным шығып кететіндей көрінеді. Қайықтың ернеуінен сығаладым.

Адам өмірінде табиғаттың қандай тамаша, қандай ғажап түрін көруге несіп болса, сондай ғажап сүтірет жарқ етіп көзіме көрінді. Әлде перизаттар жұртында, әлде сұлу ертеkte, әйтпесе

біз көрмеген шет жерге барып қайтқан саяхатшылардың әңгімесінде ғана болмаса, жалпылама кісі көре бермейтін керемет еді ол көрініс.

Әлгіде ғана мақтадай ақ құндаққа бөлеулі су, су үстіндегі қалың тұман бірте-бірте серпіліп, жиектен көтеріле бастады. Өзен беті тұманнан тазарды; өзеннің екі жағасында арқан бойындай жоғарылаған ақ тұман, тізбектелген өркеш-өркеш таулардай болып, ол таулар ай сәулесімен самаладай сандақтанып, аппақ қардай жарқырап, көз шағылысады. Сүйтіп ақ қаздай тізілген кенерелі таулардың жүлгесімен балқыған ақ күмістің толқындары жүзіп жүрген іспетті. Осыдан бір бөтені жоқ. Жоғарыда, қак төбемде көк шұбар аспанда ақ табақтай жалтырап он төртінен туған әдемі ай тұр.

Барша су мақлуктары ояңды. Шошып ояңғандай бақалар да бақылдады. Оқта-текте біресе оңнан, біресе солдан тасбақаның қоңыраудай сылдыраған келте-келте қоңыр күйі жүлдызбен тілдескендей, көкке шапшып сынғырлайды. Ғажап: қорыққаным басылып кетті. Сондай көрікті табиғат қойыныңда қандай керемет жат нәрсе көрінсе де, маған түк таңсық емес еді.

Осы көрініс қаншаға шейін тұрғанын білмеймін, үйткені көзім ілініп кетті. Әлден уақытта көзімді ашсам, ай көрінбейді, аспанды бүлт қоршапты. Былдырлап, сақауланып су күрілдейді. Жел тұрды. Суыта бастады. Түк көрінбей кетті.

Қалған арағымды қағып салып, қалшылдап, қамыстың сылдырлы сыбдырына, өзеннің күріліне құлақ салдым. Бірдеме көрінер ме екен

дел жан-жағыма үніліп, көзімді сүздім. Қайыпқты да көрмедім. Көзіме такасам да, қолымды да көрмедім...

Қараңғылық аз-аздап серпілейін деді. Қапылыста қасымнан қараң етіп, бірдеме көрінгендей болды. Дауыстап қалдым – біреу “а!” деді; Балькшы екен. Шақырдым. Келді. Келді, айттым. Қайығын қатарластырып қойып, екеулеп шынжырдан тарттық. Зәкір міз бақпады. Таң атты. Жанта жабырқау салатын жауын-шашынды, қара желі аралас қара қабақ жаман күн еді.

Тағы бір қайықшыны көрдік. Оны да шақырдық. Зәкірді үшеулеп тарттық. Бірте-бірте қозғалды. Ауыр жүктен келе жатқандай зәкір баяу көтерілді. Әлден уақта зәкірге ілініп қарайған бір нәрсе көрінді. Көтеріп қайыққа салдық.

Ол мойнына келтектей тас байлаулы бір кемпір екен.

## ТҮСІНІКТЕМЕ

“Күсбегі” – Ж.Аймауытұлының өзі Семей қаласында шығарып тұрған “Абай” журналының 1918 жылғы 4-ақпандағы 1-санына (12-бет) “Тікқулак” деген бүркеншік атпен жариялаған.

“Шажамай” – “Абай” журналының 1918 жылғы 4-ақпандағы 1-санында (13-бет) жарық көрген.

“Кенжем атты” – “Абай” журналының 1918 жылғы 4-ақпандағы 1-санында (13-бет) жарық көрген.

“Бетім-ау, құдағи гой!” – “Абай” журналының 1918 жылғы 8-көкектегі 4-санына (13-15-беттер) жарияланған. Соңына “Ж” деп қол қойылған.

“Аждаһа” – “Жас казак” журналының 1924 жылғы 5-6 санында (102-103-беттер) жарық көрген. “Күлдіргі бөлімі” деген айдармен беріліп, соңына “Ж.” деп қол қойылған.

“Елеусіз ерлер” – Әңгіме “Ақ жол” газетіне қосымша ретінде шығып тұрған “Сәуле” әдеби журналының 1924 жылғы қараша айындағы 6-санында (2-9-беттер) “Жік” бүркеншік атымен жарық көрген.

“Көшпелі Көжебай” – Ташкентте шығып тұрған “Ақ жол” газетінің 1924 жылғы 29-қазандағы 498-санында “оқшау сөз” айдарымен басылған. Соңына “Шокарақы” деп қол қойған.

“Делебесі қозған жігіт” – “Ақ жол” газетінің 1925 жылғы 26-қаңтарындағы 329-санында қаламгердің “Жік” деген бүркеншік есімімен жарық көрген.

“Мысыққа ойын, тышқанға өлім” – Әңгіме “Қазақ тілі” газетінің 1923 жылғы 16-шілдедегі 62-санында басылған. Соңына “Жүсіпбек” деп қол қойған.

“Балалармен әңгіме” – Балаларға арналған бұл әңгіме “Пионер” журналының 5-санында (7-10-беттер) “Оқу-тәрбие” бөлімі айдарында “Жік” деген бүркеншік атымен жарық көрген.

“Тәубе қылды” – Әңгіме “Жаршы” журналының 1929 жылғы 1-санында (6-8-беттер) жарық көрген. “Жүсіпбек” деп қол қойған.

“Жаңа талап” – Әңгіме “Жаңа мектеп” журналының 1929 жылғы 2-санында (60-65-беттер) “Жүсіпбектің әңгімесі” (латын қарпімен) деген тақырыппен жарияланған. Сонында “Жүсіпбек” деп көрсетілген.

“Мен қалай үйлендім?” – Әңгіме 1929 жылы “Жаңа өлебиет” журналының 5-санында (70-72-беттер) басылған. “Қаламшылық бәсекесі” айдарымен берілген. Авторы “Жүсіпбек” деп көрсетілген.

Әңгіме соңында журнал редакциясы мынандай түсініктеме келтірген: “Басқарма: бұл әңгімені әдейі түйық қалдырып отырмыз. Талапкерлер осы әңгімені түйық қалған жерін ойлап тауып, аяқтау керек. Әркім өртүрлі жорып, шешер. Солардың бәрі де салыстырылып, қай түрмысқа жарасымды, шынға келетіні көрсетілмек, басылмақ. Ең ақырында әңгіме иесінің шешуі басылады.

Жалғыз-ақ шарт: бұл әңгіменің аяғы осы басылғаннан көп болмау жағы есте болсын.”

Редакцияның осы сөзіне карап, әңгіменің аяғы болғандығын апық байқаймыз. Өкінішке қарай, Жүсіпбек Аймауытұлын осы – 1929 жылдың 14-мамырында ГПУ тұтқындап, шығарманың соңы журналдың келесі санында басылмай қалған.

“Су жүзінде” – Ги де Мопассанның әңгімесінен аударылған бұл дүние “Ақ жол” газетіне қосымша ретінде шығып тұрған “Сәуле” әдеби журналының 1924 жылғы 5-санында (2-7-беттер) жарық көрген. Сонына “Жүсіпбек” деп қол қойған.

*Түсініктемелерді жазған  
Нұржан Қуантайұлы*

## МАЗМУНЫ

Күсбегі .....	3
Шажамай .....	4
Кенжем атты .....	4
Бетім-ау, құдағи гой! .....	4
Аждаһа .....	12
Көшпелі Көжебай .....	14
Делебесі қозған жігіт .....	15
Елеусіз ерлер .....	15
Мысыққа ойын, тышқанға өлім .....	16
Балалармен әңгіме .....	17
Төубе қылы .....	51
Жаңа татап .....	53
Мен қатай үйлендім? .....	64
Су жүзінде .....	68
Түсініктеме .....	76



**Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ**  
**МЕН ҚАЛАЙ ҮЙЛЕНДІМ?**

*әңгімелер*

Редакторлар *М. Бекмағамбетов, Ж. Жұмберген*  
Техникалық редакторы *Г. Темірқызы*  
Суретші *Н. Айымбетов*  
Компьютерде терген *Л. Сермағамбетова*  
Корректор *Ш. Әжібекова*

**ИБ № 05**

Дайын диапозитвен басуға 10.04.03. қол қойылды.  
Пішімі 70x90<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қаріп түрі "Times Kaz". Офсеттік  
басылыс. Шартты баспа табағы 5,0. Есепті баспа  
табағы 4,8. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 516.

"Таным" баспасы, 473000, Астана қаласы,  
Победа даңғылы, 63/1.

ЖШС "Гридан-Полиграф" баспаханасында  
басылған, 480091, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы,  
193-үй, тел./факс: 32-14-97, тел.: 39-59-32.